

1999 ж. шыға бастады

Тіркелген куәлік № 13395-Ж
Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат
министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
22.02.2013 ж. берген

Редакция алқасы

Н.Л. Сейтахметова (бас редактор)
А. Сағиқызы (бас редактордың
орынбасары)

К.Н. Бұрханов
Т.Х. Ғабитов
С.Ю. Колчигин
А.К. Назарбетова
З.К. Шәукенова
М.С. Шәйкемелев
Ш.М. Жандосова
М.Н. Смағұлов (жауапты хатшы)

Редакционная коллегия

Н.Л. Сейтахметова (главный
редактор)
А. Сағиқызы (зам. главного
редактора)

К.Н. Бурханов
Т.Х. Габитов
С.Ю. Колчигин
А.К. Назарбетова
З.К. Шаукенова
М.С. Шайкемелев
Ш.М. Жандосова
М.Н. Смагулов (ответ. секретарь)

Регистрационное свидетельство
№ 13395-Ж выдано Комитетом
информации и архивов
Министерства культуры
и информации Республики
Казахстан 22.02.2013 г.

Издается с 1999 года

**ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-
ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖУРНАЛ**

Адам әлемі

**ФИЛОСОФСКИЙ И ОБЩЕСТВЕННО-
ГУМАНИТАРНЫЙ ЖУРНАЛ**

2 (68)·2016

**Халықаралық редакциялық кеңес
Международный редакционный совет**

Нысанбаев А.Н. (кеңес төрағасы, Қазақстан)
Фиерман У. (АҚШ)
Халилов С. (Әзірбайжан)
Мехди Санаи (Иран)
Жумағұлов М. (Қырғызстан)
Зотов А.Ф. (Ресей)
Лекторский В.А. (Ресей)
Малинин Г.В. (Ресей)
Нечипоренко О.В. (Ресей)
Тощенко Ж.Т. (Ресей)
Кенан Гюрсой (Түркия)
Шермухамедова Н.А. (Өзбекстан)

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР •

ФИЛОСОФСКИЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОСТИ

Нұрышева Г., Дәуленова А., Қонаева Г.	Философиялық антропологияның мәні мен мақсаты туралы.....	3
Еділбаева С., Нығметова А.	Ю. Хабермас білім нысандары мен білім беру туралы...	16
Khassanov M., Petrova V., Dagzhan Zh., Barakbayeva T.	The Peculiarity of Kazakh Philosophy of Culture.....	25

САЯСАТ. ҚОҒАМ. МӘДЕНИЕТ • ПОЛИТИКА. ОБЩЕСТВО. КУЛЬТУРА

Иватова Л.	Правовые и политические факторы, влияющие на возникновение коррупции.....	42
Бекмуратов А.	Актуализация проблемы традиционного искусства (социально-философский анализ).....	51
Сейдуманов А., Камалдинова А.	Перспективы трансформации политических систем Казахстана и Кыргызстана.....	59
Шарипова Д.	Идея кочевничества в современном изобразительном искусстве Казахстана.....	69
Саитова Н., Сейсебаева Р.	Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтудағы Қазақстан тәжірибесі.....	79
Kilybayeva Sh., Bassygarieva Zh.	The Unemployment of Uneducated Youth of Kazakhstan: Protest Potential.....	89
Садібеков Е., Рахимбеков К.	«Араб көктемін» ұйымдастырудағы интернет-коммуникациялардың рөлі.....	98

ЗАМАНАУИ ӘЛЕМДЕГІ ДІН: ӨЗГЕРУ МЕН ДӘСТҮРЛЕР •

РЕЛИГИЯ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ: ТРАНСФОРМАЦИЯ И ТРАДИЦИИ

Соловьева Г.	Нравственные ценности исламского образования: справедливость.....	102
Мейрманов А., Ежембекова С.	Шәкәрім мұрасының рухани-құндылықтық өзегі – нұрлы ақыл.....	115
Затов Қ., Исмаил Н.	Қазіргі заманғы радикалдық идеялар мен әрекеттердің қайнарлары мен себептері.....	124
Каирова Б.	Семантика культовой трапезы.....	136
Ержан Қ., Базылхан Е.	Жиһадшылдық және оның қазіргі заманғы көріністері.....	142
	Біздің авторлар • Наши авторы.....	158

ӘӨЖ 1 (092)

Нұрышева Г.Ж.,¹ Дәуленова А.С.,² Қонаева Г.М.³

^{1,3} Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

² С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АНТРОПОЛОГИЯНЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ ТУРАЛЫ

Аннотация. Мақалада қазіргі заманғы философияның маңызды бағыттарының бірі – философиялық антропологияның мәні мен міндеттері қарастырылды. Оның ірі өкілдерінің көзқарастарын саралаудың негізінде философиялық антропология адамды діни, биологиялық, этикалық, әлеуметтік және басқа да қырларынан біртұтас зерттейтін бірден-бір ғылым ретінде анықталды.

Түйін сөздер: адам, болмыс, философиялық антропология, физикалық антропология, эпистемология, праксис, субстанция, психологиялық антропология, экзистенция.

Қазіргі заманғы отандық философияда философиялық антропология белді бағыттардың біріне айналды және осы салаға қатысты көптеген мәселелер зерттеліп, тың дүниелер жарыққа шықты. Бірақ философиялық антропологияның мәні мен мақсатын, ол тексеретін тақырыптар шеңберін саралаған, арнайы жазылған еңбектер жоқ десек болады.

Философиялық антропологияның философиялық сөздіктерде берілген анықтамасына жүгінсек, көптеген анықтамаларды саралай келіп, оның мазмұнын біршама толық ашатын екі анықтаманы бөліп көрсетуге болады. Беларусь республикасының философтары дайындаған философиялық сөздікте философиялық антропология адамның жаны мен рухани дүниесінің барлық қабаттарын зерттейтін, адам қызметінің, мәдениетінің, адамгершілігінің, құқықтың, әлеуметтік институттардың антропологиялық негіздерін іздейтін бағыт ретінде сипатталған және философиялық антропология адамдардың табиғи бір-біріне деген жағымды көңіл-күйлеріне, «басқаны» мойындауына, біріге отырып уайымдауына немесе тілдің жалпылығының арқасында жүзеге асатын өзара жақындасуға негізделген әлеуметтік өмірдің тұлғаралық қатынастарының кең ауқымын қамтиды деп атап көрсетілген [1].

Екінші бір философиялық сөздік философиялық антропология терминінің екі мағынасын баяндаған. Бірінші мағынасында философиялық антропология адам мәселесімен айналысатын, өз тақырыбын жалпы философиялық дискурстен (бұрын ол философиялық жүйенің үзгігі ғана бо-

латын) өзіндік «объектісі» мен «тақырыбының» (адамның философиялық рефлексиясы; адам, оның мәні және табиғаты туралы ілім) ерекшеліктері арқылы «табиғат туралы ілім», «социум туралы ілім», «сана туралы ілім», «құндылықтар туралы ілім» және тағы басқалардың қатарынан бөліп шығару арқылы 20-ғасырдың соңғы ширегінде өзін белсенді құрастырып отырған арнайы философиялық пән. Екінші мағынасында, философиялық антропология – алғаш рет Фейербах тұжырымдаған «антропологиялық принципте» көрініс тапқан антропологиялық бұрылыстың (жалпы болмыс емес, адам болмысын түсіндіру және ашу рефлексия пәніне айнала бастады) нәтижесінде классикалық емес және постклассикалық философияда пайда болған антропологиялық концепциялардың жиынтығы [2].

Енді «философиялық антропология» терминінің эпистемологиялық мәнін талдап көрейік. Грек тілінен аударғанда «ανθρωπος» – адам, «logos» – ой, сөз, яғни адам туралы пайымдау немесе адам туралы трактат дегенді, ал «философиялық» деген сөз рационалдық ойлау арқылы адамның мәнін түсінуді білдіреді. Этимологиялық талдау философиялық антропологияның толық мәнін ашпайтыны күмәнсіз, себебі антропологияның түрлері көп. Сондықтан философиялық антропология зерттейтін саланы анықтап алу үшін әртүрлі антропологиялардың ізденіс шекараларын белгілеу қажет.

Физикалық антропология немесе антропобиологияның зерттеу объектісі – палеонтологиялық, экологиялық тақырыптар. Психологиялық антропология қалыпты және қалыптыдан ауытқыған адам-субъектілердің мінез-құлықтарын зерттейді. Структурализмнің дамуымен тығыз байланысты мәдени антропология алғашқы қауымдық құрылыс адамдарының этнологиясын, күнделікті өмірін, үйдегі тіршілігін, басқа адамдармен араласуын, әдеп-ғұрыптары мен салттарын, ағайындық байланыстарын, тілдері мен діндерін зерттеуге бағытталған және өзін ең маңызды, нағыз антропология, философиялық антропологияға қарсы тұрушы және жоюшы антропология деп есептейді. Әлеуметтік антропология қазіргі заманғы қоғамдарды зерттеумен айналысады, сондықтан өзін әлеуметтану ғылымынан бөлмейді. Теологиялық антропология адамды Құдайдың жаратушылық қызметінің жемісі ретінде түсіндіріп, Құдай жаратқан космоста мардымсыз орын алатын адамның күнәһарлығы идеясын баяндайды. Философиялық антропология туралы көлемді де мазмұнды еңбек жазған В.Брюнинг антропологияның осы түрін ең бай және ең іргелі деп бағалайды және осы бағытқа Платон мен Аристотельден бастап, Ж. Маритенмен аяқталатын көптеген ойшылдарды жатқызады [3].

Көріп отырғанымыздай, антропологияны оның қосымша анықтама-сынсыз түсіну қиын, әрбір елде антропология туралы әртүрлі түсініктердің бар екендігінің де себебі осында. Мысалы, Америкада антропология ретінде мәдени антропологияны, Англияда әлеуметтік антропологияны, Еуропа-

да физикалық антропологияны қабылдайды. Осындай әртүрлі түсініктер туындамас үшін кейбір ойшылдар философиялық антропологияны «адам философиясы» терминімен алмастыруды ұсынады, бірақ кезінде Макс Шелер енгізген ұғым философияда сақталып қалды. Қорыта келгенде, философиялық антропологияны адам туралы жан-жақты білім жинақтауға, оның мәнін түсіндіруге бағытталған ғылым, қысқаша айтсақ, адам философиясы деуімізге болады.

Философиялық антропологияның бастапқы ұстанымы – философиядағы кез-келген сұрақ «адам дегеніміз не?» деген сұрақтан, әрбір «философиялық пайымдау» адам тәжірибесінің құрылымын зерттеуден басталады. Философиялық антропология адамның синтетикалық философиясы. Ол адамды космоста ерекше орын алатын, қайталанбас болмыс ретінде қарастырады және оның мәндік өлшемін зерттеуге бағытталған. Оның мақсаты – адам туралы жиынтық түрдегі емес, тұтас, толыққанды білім беру. Қазіргі заманғы философиялық антропология осы мақсатқа ұмтылуы тиіс, себебі ХХІ ғасыр қоғамының жан-жақты дағдарысының бастауы адам дағдарысында жатыр деп ойлаймыз.

Адам мәселесінің философиялық зерттелуіне тарихи шолу жасасақ, адам мәселесінің қойылуы көне заманнан басталады. Философия ұзақ уақыт бойы адамды ойлаушы субъект ретінде ғана қарастырып, оны объектіге, болмысқа қарсы қойып келген екен. Бірақ адам санаға ғана емес, тәнге де ие мақұлық. Адамның психикалық, биологиялық негіздері ұмыт болды да, оның «екіге бөлінгендігі», «тұрақсыздығы», «мәселеге айналғандығы» басталды. Экзистенциализм бағыты осы ұстанымды абсолютке айналдырды. Бұл бағыттың адам өлшемін көрсетудегі еңбегін бағалай отырып, философиялық антропология адамды тек қана «феномендер жиынтығы» ретінде қарастырумен шектелмейді. Ол Хайдеггердің «экзистенцияны басынан кешіп отырған Dasein», Ясперстің «экзистенцияны басынан кешуші экзистенция» «өмірден басқа жаққа бұратын» теорияларынан гөрі «өмірге» қарай бұратын, яғни оптимистік, жағымды таңдау жасайды.

Адам барлық ғылымдардың зерттеу объектісі, бірақ олар адамды өз пәні тұрғысынан, бөлшектенген, үзік түрде қарастырады. Мұндай әдіс адамды оның кездейсоқ өлшемдерінен бөліп тастап, мәндік қасиеттері мен қатынастарынан тұратын идеалдандырылған үлгісін ғана береді де, адам мәселесін одан сайын тереңдете түседі. Философиялық антропология осындай әдіске қарсы тұратын, адам туралы жиынтық білім емес, тұтас білім беретін ілім. Оның осы ерекшелігі көрнекті философтар Макс Шелердің, Гельмут Плеснердің, Арнольд Геленнің, Николай Бердяевтің көзқарастарында жақсы көрініс тапқан.

Философиялық антропологияның ресми пайда болған уақыты – 20-ғасырдың 20-жылдары – адамзат үшін күрделі кезеңдердің бірі болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс, Еуропадағы аупалы-төкпелі заман адамзаттың болашағына сенімсіздік тудырды, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар Еуропа философтарын ойландырмай қойған жоқ. Осы өзгерістерге жауап ретінде пессимизм, экзистенциализм бағыттарымен қатар философиялық антропология дүниеге келді.

Философиялық антропологияның негізін салушы болып есептелетін Макс Шелер (1874-1928) осы дағдарыстардың негізінде адамды түсіну дағдарысы жатыр деп пайымдады. Ол Кант бастаған адам туралы ілімді философия жалғастыруы тиіс деп және адам дегеніміз кім деген сұраққа жауап беруге міндетті есептеді, әйтпесе адамның мәнін білмеу мәдениеттің дағдарысын тудырады, адамнан бас тартуға әкеледі. Шелер мәселені төтесінен қойды: философия не адам мәселесімен айналысады, не ештеңемен де айналыспайды.

Макс Шелер адам мәселесін жүйелі түрде, жан-жақты зерттеудің өзектілігін адам туралы жаратылыстанушылық, философиялық және теологиялық идеялардың бір-бірімен қабыспайтындығымен, адамды арнайы зерттейтін саны көп ғылымдардың адамның мәнін ашудың орнына жабатындығымен, тұйықтайтындығымен түсіндіреді де, «адам туралы біртұтас идея бізде жоқ, ал философиялық антропология – адамның мәні және мәндік құрылымы туралы іргелі ғылым, сондықтан да «Философиялық антропологияның міндеті – жеке ғылыми анықтамалардың негізінде адам туралы біртұтас, жүйелі теория жасап шығару» деп атап көрсетеді [4]. Оның пікірінше, адам да жануар, мақұлық. Бірақ жануарлар дүниесінен адамның ерекшелігі – адамның «дүниеге ашық», объективтілікке ие рухының болуы. Осы қасиетінің арқасында адам жануарлар сияқты шектеулі емес, ол онтологиялық еркіндікке ие. Бұл оның тұлғалық сипатынан көрінеді. Шелердің ойынша, адам белгілі бір тұтастыққа, микрокосмға ие, ол макрокосммен белгілі бір қатынаста болып отырады.

Шелердің негізгі ұстанымы – адамның «Мендік» бастауын, тұтастығын, қайталанбастығын, тұлғалық бастауын қайтадан қалпына келтіру. Ол сол кезде батысевропалық философияда қалыптасқан адамдық «Менді» жалпылық пен қажеттілікке тәуелді белгісіз бір интеллигибелді форма ретінде түсінуге қарсы шықты. Мұндай түсінік, Шелердің пайымдауынша, «Меннің» тұтастығын, құндылығын, қайталанбастығын жоғалтуына әкеледі.

Адам заттар мен болмыстың мәніне рух пен жанның тоғысқан орталығы – жүрегі арқылы ғана жете алады, осыдан келіп интенционалдық (латын тілінен аударғанда «interdere» – тарту, бағыттау, қазақи тілмен айтсақ, сүйрелеу дегенді білдіреді) мәселесі өзектіленеді. Интенционалдылық «Менді» ішкі жағынан ғана емес, сыртқы, шекарадан тыс жағынан да құрылымдап, ұйымдастырады. Бұл сананың интенционалдылығы ғана емес, экзистенциалды, немесе жеке тұлғалық, адами-болмыстық интенционал-

дылық. Экзистенцияның интенционалдығы көпвекторлы, ол темпоралдықта (уақыттықта), әсіресе өткенге, болашаққа, осы шаққа бағытталғандықта байқалады. Мысалы өлім және мәңгілік, ажалсыздықта мәселесінде, өзін өткенде және болашақта сақтауға құштарлықта айқын көрінеді.

М.Шелер орталыққа ақыл, рационы қоятын батысевропалық философия дәстүрінен бас тартып, «жүрек логикасын» дамытады. Оның пікірінше, адам өзінің ішінде интенционалды орталық бар тірі мақұлық, ол қоршаған ортадан тыныштық таппай, өзінің шегін, өзіндік «Меннің» нақты шындығын бұзуға үнемі ұмтылып отыратын «мәңгілік Фауст».

Шелер адамның мұндай қызметінің ең жоғарғы сатысы махаббат деп санайды, ол Кант ұсынған таза трансценденталды сана құрастырған ережелерден бөлек, оларға қарама-қарсы және адамды трансценденттік құндылықтармен және құдайдың өзімен байланыстырады. Бұл эмоциялық өмірдің бастауы – жүрек, ол космостық және трансценденттік негіздерге ие, сол себепті ол логикаға, зердеге бағынбайды, оның негізі – махаббат.

М.Шелер радио әрбір адамның ерекшелігін, бірегейлігін көрсетуге күші жетпейді деп тұжырымдап, махаббат экзистенциалын адам болмысының онтологиялық негізіне орналастырады. Бұл қадам махаббатты психологизмге тән тарылтудан, шектен тыс рационализмнен, Канттың бұлжымайтын императивінен және априоризмінен арылтады. Онтологиялық құқыққа ие болған махаббат адам болмысын әрбір нақты адамның жеке, қайталанбас көріністерінде тарихи өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Адам экзистенция ретінде трансценденттікке, осы-болмыстан сана арқылы түсінілген болмысқа, абсолюттік болмысқа ұмтылатындығы сөзсіз және оған экзистенциалдық тәжірибе арқылы жетеді деп ойлаймыз. Яғни, экзистенция – адамның өз болмысының мәселелерімен, трагикалық күйімен өмір сүруі десек болады.

Шелер адамды болмыс пен биболмыстың диалектикалық бірлігі ретінде түсінеді. Ницшенің идеяларын жалғастыра отырып, Шелер «Құдай өлген» уақытта адам ең жоғары адамға (сверхчеловек) айналады, ол енді өзінен тыс нәрсеге сүйене алмайды, сондықтан да «дүниежүзілік процеске бағытталғандық, мән, құндылық енгізу үшін адам өзінің ойлауында, жігерінде тек қана ештеңеге сүйене алады. Ештеңеге – Құдайға емес» [5].

Ештеңе дегеніміз, Шелердің пікірінше, жауапкершілігі жоғары жігердің максимумының және махаббат ең басты қозғаушы күш болып табылатын жүректің саласы.

Философиялық антропологияны бөлек философиялық пән ретінде қалыптастыруға тырысқан неміс философы Г.Плеснердің (1892-1985) пікірінше, адам дүниеде орталық орынға ие, адамның бойындағы биологиялық бастауларды жоққа шығаруға болмайды, бірақ оларды шектен тыс әсірелеу де дұрыс емес. Өзінің «Органикалықтың басқыштары

және адам. Философиялық антропологияға кіріспе» атты туындысында ол адамды оның мәнінің биофизикалық қырлары мен рухани жақтарының синтезі ретінде қарастырады және философиялық антропологияны адам мен дүниені объективті-ғылыми және құндылықтық тұрғыдан, адамның өзінің болмысы тұрғысынан зерттейтін пән деп анықтайды. Плеснер философиялық антропологияның қалыптасуындағы Шелердің рөлін: «тұлғаның эмоционалдық мәселелерін, құрылымдық заңдарын және тұлға мен әлемнің құрылымдық байланыстарын зерттеудегі Шелердің жаңалықтары, философиялық биология мен антропологияның тақырыптық құрамына жататын жаңалықтары оның пікірталас туғызбайтын еңбегі болып табылады» – деп атап көрсетеді [6].

Бірақ, Плеснер Шелердің философиясында метафизикалық мазмұн болғанымен, негіз мәселеге келгенде оның феноменолог екендігін айтады. Плеснер Хайдеггердің адамнан тыс болмысты зерттеу үшін адамды экзистенциалдық сараптаудан өткізу керектігі туралы көзқарасымен де келіспейді, мұндай көзқарасты ескірген деп бағалайды және өзінің натурфилософиялық көзқарасын ұсынады.

Оның ойынша, адамның басқа болмыстан айырмашылығы – ол өзіне ең жақын да, ең алыс та емес, оның өмір формасы эксцентрикалық түрде, сол себепті оның өзінің өмір сүруінің болмыстық екеніне қарамастан, осы дүниенің барлық заттарымен бірге осы қатарға жатады. Плеснердің пікірінше, адамның мінез-құлқында оның мәні ашылады және философияның көмегі арқылы адам өзінің өмірдегі орнын, үнемі шешуге тиіс мәселелерді түсіне алады. Плеснер адамның денесінің мінез-құлқына басты назар аударатынын ескерте кеткен жөн.

Плеснердің философиялық антропологиясы Шелерге қарағанда мұқият жасалған, ол бұл ілімді қатаң ғылым ретінде түсінеді. Плеснердің пікірінше, адамды табиғаттың бөлшегі ретінде қарастырып қана қоюмен шектелмеу керек, ол «тірі болмыс» және оның «табиғи көкжиектері» философиясын негізінде қалыптастырылуы тиіс. Адам философиялық антропологияда объект немесе субъект ретінде емес, оның өз өмірінің объектісі және субъектісі ретінде қарастырылады. Г.Плеснердің ойынша, адамды тек «дене» немесе тек «сана», «жан», логика заңдары мен этикалық ережелерге бағынатын абстрақтылық субъект ретінде емес, психофизикалық жағынан бейтарап өмірлік бірлік ретінде қарастыру қажет. Канттың «формальдық априориіне» Плеснер тірінің «материалдық априориін» қарсы қояды. Оның пікірінше, философиялық антропологияны философиялық биологиямен біріктіріп қана қалыптастыруға болады. Адамның «космостағы ерекше орны» туралы сөз етудің, адамды табиғиға қарсы қоюдың қажеті жоқ, адам «органикалық дүниенің» бір сатысы. Сондықтан адамның басқа да тіршілік етушілерден мәндік айырмашылығын іздеген жөн.

Г.Плеснердің бір тамаша ойы – адам өз өмірін «жетектейді», өзінің белсенділігінің арқасында ол әуел бастан қандай болса, сондай болып шығуы тиіс. Бір қарағанда, бұл экзистенциалист Ж.П.Сартрдың гуманистік көзқарасына ұқсас, бірақ экзистенциализмді, әсіресе М.Хайдеггердің онтологиясын Плеснер антропоцентризм деп сипаттайды. Оның ойынша, Хайдеггердің болмысының жынысы белгісіз, ал өмірдің өзі денемен байланысты, сондықтан жынысы мен денесі белгісіз Dasein адамды түсіндіре алмайды.

Философиясы антропологиялық сипатқа ие болған ойшыл ретінде неміс философы Л.Фейербахқа тоқталмай кетуге болмайды деп ойлаймыз. Оның пікірінше, философияның ортасында табиғаттың ең жоғары туындысы – адам тұруы тиіс. Оның философиялық ілімі тән мен рухтың бірлігі болып табылатын адамның өзіндік құндылығы мен маңыздылығын нақтылау талпынысы деуге болады. Фейербах адамды рухани тіршілік етуші ретінде қарастыруға қарсы. Оның жүйесінде адам «абсолюттік рух», «дүниежүзілік ақыл-ой» емес, нақты, тән және рухани қасиеттердің бірлігі, тұтас адам.

Фейербахтағы адам «Мені» рухани және ойлауға қабілетті тіршілік етуші ғана емес, тәнге ие және ойлай алатын, белгілі бір кеңістікте және уақытта өмір сүретін адам. Оның түсінігінше, субъектінің маңызды сипаттамасы – адам табиғатының, оның тән ге ие кендігінің, ақыл-ойының, жігері мен жүрегінің антропологиялық қасиеттерінің синтетикалық, жалпылаушы сипаттамасы болып табылатын сезімділік. Бірақ Фейербах субъектінің натуралистік сипаттамасымен шектелмейді, сондықтан субъект ұғымына тек «Менді» ғана емес, басқа адамды да кіргізеді: «Идеализмнің идеялардың бастауын адамнан іздеуі дұрыс, бірақ бұл идеяларды бөлектенген, тұйықталған тіршілік етушіден, жаны бар адамнан, «Меннен», «Сеннің» сезімдігінсіз шығарғысы келетіні дұрыс емес. Идеялар адамдар арасындағы араласудан ғана, адамның басқа адаммен әңгімелесуінен ғана туындайды» [7].

Осы араласу саласында ғана адам өзін жүзеге асыра алады, өзінің жеке өмірін адам тегімен біріктіреді де, адам қасиеттерінің тұтастығын қалыптастырады. Яғни, субъект – тұтас адам, тәндік, рухани және тектік сипаттамалар бойында біріккен адам.

Фейербахтың пікірінше, адам табиғатынан біртұтас, оның бойында табиғаттан тыс, жоғары ештеңе жоқ, адамға тән ойлаудың өзі табиғи дүниенің көріністерінің бірі. Сондықтан да Фейербах философияның әмбебап пәні табиғатқа қарсы қойылған рух немесе рухқа қарсы қойылған табиғат емес, тән мен рухтың бірлігі болып табылатын адам болуы тиіс. Фейербахтың тұжырымынша, философия адамды зерттеуі, яғни антропология болуы тиіс. Адам – табиғи тіршілік етуші, ал адамдарды табиғи байланыстар біріктіріп тұр. Антропологиялық материализм тұрғысынан

қарастырғанда, тарихи дәуірдің де, қоғамдық қатынастардың да, таптық, ұлттық, кәсіби ерекшеліктердің де адам үшін ешқандай маңызы жоқ.

Фейербахтың жетістігі – негізгі мәселесі адам болып табылатын, табиғатты адамның базисі ретінде қамти отырып, адамды жалғыз әмбебап және сыртқы пәнге айналдыратын антропологияны, жаңа философияны қалыптастыруға ұмтылысы. Бірақ Маркс дұрыс атап көрсеткендей, Фейербах табиғатты түсіндіруде материалист болғанымен, адам тарихын түсінуде идеалист еді. Ол адам табиғатының тарихилығына қарсы шықты, яғни адам барлық дәуірде де өзгермейді деп, оны таза биологиялық түр ретінде қарастырды, қоғамдық қатынастарды сипаттауда натурализмге бой ұрып, психологиялық және физиологиялық қатынастарды негізгі деп санады, субъектінің белсенді рөлін ескермеді. Бұл кемшіліктерді түзеткен К.Маркс пен Ф.Энгельс болды.

К.Маркстің философиялық антропологиясы оның «1844 жылғы экономикалық-философиялық жазбалар» еңбегінде, Фейербахтың адам туралы ойларын қайтадан пайымдауларында жақсы байқалды. Маркс қосқан басты нәрсе – адамның мәндік табиғатының әлеуметтік жатсыну (өгейлену) концепциясы. Маркстің түсінігінше, адамның барлық сипаттамалары табиғи немесе сырттан берілген нәрселер емес. Адамның бойындағылардың бәрі адамдандырылған, себебі индивид басқа адамдармен қатынаста өмір сүреді. Тарихи дәстүрлер, әдеп-ғұрыптар, мәдени стереотиптер мен схемалар кез-келген индивидке белсенді әсер етеді, қасиеттерді адамға социум береді. «Мен», индивид – абстракция. «Мен» дегеніміз микрокосм, жеке индивидтің тарихы басқа индивидтердің тарихынан бөлек бола алмайды.

Индивидтің бойындағы махаббатты, ізгілікті немесе зұлымдықты әлеуметтік жағдайлар, Маркстің тілімен айтсақ, «алғышарттар» қалыптастырады. Оларды жасайтын индивидтің өзі. Олар тарихи, яғни өзгеріп отырады. Социум адам өмірін, санасын және праксисін моральдық-философиялық тұрғыдан бағалаудың негізі болып табылады. Адамды сөздеріне қарап емес, істері бойынша бағалау қажет. Адам өмір сүріп отырған орта өгейсінуге, жатсынуға толы, адам оны билеудің орнына, керісінше оған тәуелді болады: «адамның өзінің ісі оған бөтен, қарсы тұрушы, езуші күшке айналады».

Мұндай күйді Маркс әлеуметтік жатсыну деп атайды және оған көбіне дене еңбегімен айналысатын адамдар ұшырайды деп атап көрсетеді, бірақ бұл тұжырымды кез-келген адамға қатысты айтуға болады. Адам дүниесі жатсынылған, яғни өз дүниесіндегі адам да жатсынылған. Маркстің пікірінше, адам бұл жатсынуды практикалық қызметінің көмегі арқыл жеңе алады, себебі ол практикалық тіршілік етуші. Праксис қандай болса, адам да сондай. Адам мен табиғат егіз, адамның өзі табиғи тіршілік етуші, адам мен қоршаған ортаның арасындағы байланыс тығыз, табиғатсыз адам

жок. Өз еңбегінің көмегімен заттар жасау арқылы адам өзін жүзеге асырады, табиғатты «адамдандырады».

Яғни, табиғат адам үшін ұлы шеберхана. Адам өз өмірін қамтамасыз ету үшін үнемі еңбектенуге мәжбүр. Қоршаған ортаны өзгерте отырып, адам өзін де өзгертеді, жетілдіреді. Маркстің пікірінше, өндіріс – әлеуметтік өмірдің іргелі деңгейі, праксис, субстанция. Ал социум, қоғамдық реалдылық іргелі, ақырғы онтологиялық мәнге ие. Маркстің философиялық абстракциясында адамдардың, адам мен табиғаттың, ішкі және сыртқы адамның арасындағы қатынастар таза да мөлдір, үйлесімді болуы тиіс. Бірақ нақты праксисте мүлдем басқа, нақты болмыс зұлымдық пен жатсынуға толы, оны ескі теріні сыпырып тастағандай етіп лақтырып тастау қажет.

Сонымен, Маркстің антропологиясы бойынша, адам әлеуметтік белсенділіктің жиынтығы, адамдардың праксисі олардың қызметінің жаттанған, тас секілді қатып қалған нәтижелерімен шектелген, адамның міндеті – осы жағдайларды өзгерту, оларға қарсы күресу. Яғни, Маркстің антропологиясының негізгі ұстанымы – адам праксисі әлемінде бәрін де, адамның өзін қоса, қайта жасауға, қайта өзгертуге болады.

Біздің ойымызша, философияның антропологиялық сипатын толық ашқандардың бірі – белгілі орыс философы Н.А.Бердяев болды. Оның пікірінше, философияның антропологиялық мазмұнға ие екендігі сөзсіз, себебі философия құр теориялық философия емес, практикалық философия болуы тиіс, ол «трансцендентальды сананы» емес, «трансцендентальды адамды» ашуға ұмтылуы қажет.

Бұл пікірге толық қосыламыз. Қазіргі заманғы Батыс философтарының басым көпшілігі философия өзінің теориялық, жалаң уағыздауынан арылып, адамды күнбе-күн мазалап отырған сұрақтарға жауап бере алатындай дәрежеде практикалық сипатқа ие болуы қажет деп айтып жүр. Тағы да Бердяевтің сөзімен айтсақ, «Күйбең тіршілікке, іш пысуға, қайталаушылыққа, сұрықсыздыққа, бұл дүние өмірінің жалғандығына деген жеккөрушілік бұл өмірден идеялар дүниесі мен құдайылық дүниесін метафизикалық және мистикалық пайымдауға немесе дүниені шығармашылық түрде, белсенді өзгертуге көшуді туындатады.

Нағыз, дана философия мектептік академиялық философия болып қала бере алмайды. Өмірден қол үзген философиялық элитаның күйі жалған және ол осылайша сақталып қала алмайды. Философияның практикалық міндеті бар. Философ тілінің өмір тіліне жақындасуы сөзсіз. Философия рухтың тұтас өмірімен байланысты және оның өзі рухтың өмірінің қызметі. Ол болмыстың құпиясын адамнан оқшауланғанда емес, адам тағдырына бойлай отырып қана, ол туралы жылай отырып қана біле алады. Таза кабинеттік философияның болуы енді мүмкін емес. Философия – өмірдің ісі» [8].

Бердяевтің өзінің философиясы нағыз осындай философия деп айтуға болады. Оның философиясының басты мәселесі – адам. Оның пікірінше, адам қайшылықты және түсінуге қиын, таңқаларлық мақұлық. Адамның қайшылықтылығын Бердяев оның екі дүниенің – табиғаттың және табиғаттан жоғарының жемісі екендігімен түсіндіреді. Адамның рухани негізі табиғат пен қоғамнан тәуелсіз. Адам тірі организм немесе әлеуметтік мақұлық ретінде емес, тұлға ретінде жұмбақ. Тұлға индивидтен (қазақша айтсақ, пендеден) бөлек. Индивид – натуралистiк категория, ол материалдық дүниемен байланысты. Тұлға – табиғат пен қоғамнан жоғары, олар тұлғаның белсенді формасының қалыптасуына қажет материяны ғана береді. Тұлға – қоғамның бөлшегі емес, керісінше, қоғам тұлғаның бөлшегі, оның әлеуметтік жағы, космос та тұлғаның космостық жағы. Тұлға – микрокосм, универсум, универсалдық пен индивидуалдықтың бірігуі. Тұлға жұмбақтығы – оның қайталанбастығында, бірегейлігінде, шығармашылық істер жасауға қабілеттілігінде.

Бердяевтің пікірінше, адамның субъективтілік тұйықталғандығынан шығудың екі жолы бар. Біріншісі – әлеуметтік күйбең тіршілікке сіңіп, өзін жоғалтып алу. Бұл жол конформизмге, өгейленуге және эгоцентризмге әкеліп соғады. Екінші жол – субъективтіліктен трансценденттену, рухани қанаттану, шабыттану, еркіндікке ұмтылу арқылы шығу. Осы жолды таңдаған адам өзіндегі тұтқыннан құтылады, Құдаймен экзистенциалдық кездесуге жетеді. Адам өз өмірінің басым көпшілігінде екіге бөліну күйін кешеді. Бердяев Л.Н.Толстойдың, Ф.М.Достовскийдің шығармаларынан мысалдар келтіреді.

Олардың кейіпкерлерінің рухани күйзеліске ұшырауларының басты себебі – екі түрлі, бір-бірлеріне қарама-қарсы өмір сүргендерінде. Қоғамда өмір сүргендіктен, олар қоғамда және мемлекетте қабылданған ережелерді қабылдауға мәжбүр, сондықтан өтірікке толы сыртқы өмір кешеді. Ал ішкі өмірінде адам алғашқы реалдылықтармен бетпе-бет қалады. Сондықтан да Бердяев адамға қажетті құндылықтардың ең бастысы ретінде еркіндікті таңдайды: «Еркіндік – менің тәуелсіздігім және менің тұлғамның ішкі анықталғандығы, менің шығармашылықтық күшім, менің алдыма қойылған ізгілік пен зұлымдықтың арасындағы таңдау емес, ізгілік пен зұлымдықты жасауым. Таңдау жасау адамға езілгендік, батылсыздық, тіпті еркіндік емес күй беруі мүмкін. Таңдау жасалып, шығармашылық жолымен жүрген кезімде азаттық басталады. Адам және шығармашылық тақырыбы еркіндікпен байланысты» – деп түйіндейді [9].

Философиялық антропологияның кейбір мәселелері кеңестік философияда да зерттелді. Негізгі назар адамның әлеуметтік мәніне аударылып, адам мен қоғамның өзара қатынасының әртүрлі формалары, адамның ұжымдық сипаты талданды, тұлғаның жан-жақты, өзін қоршаған орта-

мен және қоғаммен үйлесімді дамуының жолдары анықталды. Бірақ осы тақырыпта жазылған еңбектердің мазмұнында қоғамның идеологиялық тапсырысын орындау мақсаты айқын сезілді, адамның қалыптасуы мен дамуындағы қоғамның алатын орын тым асыра бағаланды, адамның руханилығы, жекелігі, тәуелсіздігі мен еркіндігі төмендетілді. Философиялық антропологияның өзі буржуазиялық философияның ағымы, сондықтан кеңестік философияға жат ағым деп есептелді. «Адам туралы марксистік-лениндік ілім ғана адам туралы толық, жан-жақты, терең білім бере алады, яғни адам туралы басқа ілімнің ешқандай да қажет емес» деген түсінік басты ұстаным ретінде қабылданды.

Философиялық антропологияға деген мұндай скептикалық көзқарас 90-жылдардың басында, қоғамдық ғылымдардың барлық салалары идеологиялық диктаттан аралып, еркін ойлауға қол жеткізген уақытта ғана жойыла бастады. Ресей философтары Б.Г.Ананьев, Л.П.Бувев, В.С.Барулин, Б.Т.Григорьян, П.С.Гуревич, М.К.Мамардашвили, В.С.Степин, И.Т.Фролов және тағы басқалары адам туралы ілімдерді сараптай келіп, адамның ғаламда қайталанбас ерекшелігі, оның дамуының гуманистік бағытталғандығы, адам мен табиғаттың коэволюциясы, адамның руханилығы, әлеуметтік қызметі, интегралдық субъектілігі туралы идеялар ұсынды. Ресейдің іргелі жоғары оқу орындарында философиялық антропология кафедралары арнайы ашылды, философиялық антропология мәселелері бойынша көптеген ғылыми-теориялық конференциялар өткізілді, диссертациялар қорғалды.

Тағы бір ескерте кететін нәрсе: соңғы уақытта батыстық философияда философиялық антропологияның дағдарысы туралы әңгіме қозғалып жүр. Мұндай пікірдің тамырына үңілсек, оның негізінде адам туралы арнайы дискурстер жүргізіп отырған биологиялық, әлеуметтік, этнографиялық ғылымдардың нәтижелері философиялық антропология үшін қауіп тудырмай ма деген күмән жатыр.

Шындығында, нақты ғылымдар философиялық антропологияның дамуына кедергі бола алмайды. Философия да, нақты ғылымдар да адамды зерттеу мәселесіне келгенде (басқа кез-келген мәселені зерттегенде де деп қосуға болады) кімнің басым екендігі туралы пайдасы жоқ пікірталастарға берілмей, керісінше, бірін-бірі толықтырып, ізденуді бірлесе отырып жүргізудің тиімді жолдарын үнемі қарастырып отырулары тиіс. Адамның бойында әлеуметтік пен индивидуалдық, табиғи және мәдени, эмоционалдық пен рационалдық, жан мен тәннің қайшылықты бастаулары бірге тоғысқандығын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Адамды құдай немесе табиғат өзгермейтін күйде жаратты деуге, ол тек табиғи немесе мәдени, биологиялық немесе метафизикалық, моральдық немесе техникалық тіршілік етуші деп қарастыруға болмайды. Адам таным мен практиканың субъектісі және басқа нәрселерге өзі ғана баға бере ала-

ды деген гуманистік көзқарастан постгуманизмнің бас тартқаны белгілі. Адамның ақыл-ойы мен зердесі, сезімдік бастаулары әр дәуірде әртүрлі түрде көрініс тауып отырады. Қазіргі кезеңде оның жағымсыз мысалдарын көптеп келтіруге болады. Сондықтан да адамның міндеті – өзінің адами қалпын сақтай отырып, адам мен қоғам тіршілігін қамтамасыз ететін институттармен үндестікке ұмтылу, өзіне қауіпті нәрселерді дер кезінде айырып, адамзат тегін сақтап қалуға ұмтылу.

Ойымызды қорыта келе, осы күнге дейін адамды зерттемеген ғылым саласы жоқ десек болады. Бірақ философиялық антропология ғана адамды толық, тұтас күйде қарастыратын, барлық қырларын (діни, психологиялық, биологиялық, этикалық, әлеуметтік және т.б.) қамти отырып зерттейтін ғылым болып есептеледі және оның маңызы адамзат дамуындағы қиын да күрделі қазіргі заманда арта түсіп отыр.

Әдебиеттер

- 1 Философский энциклопедический словарь. – Минск, 2000. – 485 б.
- 2 Философский словарь. – Москва, 2005. – 12 б.
- 3 Брюнинг В. Философская антропология. Исторические предпосылки и современное состояние / Западная философия. Итоги тысячелетия. – Екатеринбург, 1997. – 228 б.
- 4 Шелер М. Положение человека в космосе // Проблема человека в западной философии. – М.: Прогресс, 1988. – С. 25.
- 5 Шелер М. Человек и история // Шелер М. Избранные произведения. – М., 1994. – С. 195.
- 6 Плеснер Г. Ступени органического и человек. Введение в философскую антропологию. – М., 2008. – С. 3.
- 7 Фейербах Л. Изб. филос. произв. – М., 1955. – С. 190.
- 8 Бердяев Н. Я и мир объектов. Опыт философии одиночества и общения. – М., 2009. – С. 33.
- 9 Бердяев Н. Самопознание. – М., 1991. – С. 60.

References

- 1 Filosoфskij ehnciklopedicheskiј slovar'. – Minsk, 2000. – 485 b.
- 2 Filosoфskij slovar'. – Moskva, 2005. – 12 b.
- 3 Bryuning V. Filosoфskaya antropologiya. Istoricheskie predposylki i sovremennoe sostoyanie / Zapadnaya filosofiya. Itogi tysyacheletiya. – Ekaterinburg, 1997. – 228 b.
- 4 Sheler M. Polozhenie cheloveka v kosmose // Problema cheloveka v zapadnoj filosofii. – M.: Progress, 1988. – S. 25.
- 5 Sheler M. Chelovek i istoriya // Sheler M. Izbrannye proizvedeniya. – M., 1994. – S. 195.

6 *Plesner G.* Stupeni organicheskogo i chelovek. Vvedenie v filosofskuyu antropologiyu. – М., 2008. – С. 3.

7 *Fejerbah L.* Izb. filos. proizv. – М., 1955. – С. 190.

8 *Berdyayev N.* YA i mir ob»ektov. Opyt filosofii odinochestva i obshcheniya. – М., 2009. – С. 33.

9 *Berdyayev N.* Samopoznanie. – М., 1991. – С. 60.

Резюме

Нұрышева Г.Ж., Дауленова А.С., Қонаева Г.М. О сущности и задачах философской антропологии

В статье рассмотрена сущность и задачи одной из важнейших направлений современной философии – философской антропологии. На основе изучения взглядов ее крупнейших представителей философская антропология определена как единственная наука, исследующая человека в совокупности религиозной, биологической, этической, социальной и других направлений его деятельности.

Summary

Nurysheva G.Zh., Daulenova A.S., Kunaeva G.M. The Essence and Problems of Philosophical Anthropology

This article provides an analysis of the essence and tasks of one of the most important directions of modern philosophy – philosophical anthropology. On the ground of the views of its leading representatives philosophical anthropology is defined as the only science which studies human linked with religious, biological, ethical, social and other areas of activity.



Еділбаева С.Ж.,¹ Нызметова А.Т.²

^{1,2} әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Ю. ХАБЕРМАС БІЛІМ НЫСАНДАРЫ МЕН БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ

Аннотация. Мақалада Юрген Хабермастың сын теориясы қарастырылады. Білімнің үш нысандары мен білім беру туралы Хабермас идеялары жан-жақты зерттелген. Хабермас бойынша ғылым пәндер мен әдістері ғана емес, сондай-ақ базалық танымдық мүдделері арқылы ерекшеленеді.

Хабермас ғылымның үш түрін бөліп көрсетеді, атап айтқанда: эмпирикалық-аналитикалық ғылымдар (негізінен тәжірибеге сүйенген), тарихи-герменевтикалық ғылымдар және сыни-бағдарлы ғылымдар (сын ғылымдары). Заманауи ғылым генезисі тұрғысынан алып қарағанда (XVII ғасырдан бастап) эмпирикалық ғылымдар табысқа қол жеткізді. Заманауи ғылым Хабермас үшін эмпирикалық ғылым болып табылады. Қазіргі заманғы ғылым функциясының өзгеруіне байланысты, Хабермастың білім беру ісін бағалауы да өзгерген. Хабермас идеяларды реттеу бағытында әрекет ететін әлеуметтік нормалар да бар деп есептейді. Ол мұны эмансипация мен еркіндік деп біледі. Хабермастың білім беру идеясы қазіргі заманғы демократиялық қоғам талаптары тұрғысынан білім берудің сыни-эмансипациялық философиясын дамытуда маңызды рөл атқарды. Хабермас бөліп көрсеткен эмансипациялық-танымдық мүдде онда басты принцип болып табылады.

Түйін сөздер: Юрген Хабермас, сыни теориясы, ғылым, білім нысандары, білім беру, тәрбие, білім беру философиясы, педагогика.

Ротхакердің шәкірті Юрген Хабермас «Франкфурт мектебінің» әлеуметтік сынына назар аудара отырып, ілім формалары туралы тақырыпты қайта көтерді. Шелер ойларын негізге алған ол ілімнің үш түріне де тән творчестволық сипаттармен қатар «танымға жетекшілік ететін мүдде» туралы сөз қозғайды.

Хабермас 1965 жылы Франкфурт университетінің штаттағы философия және социология профессоры ретінде «Таным және мүдде» деген тақырып бойынша кіріспе лекциясын оқыды. Хабермастың осы атпен жарық көрген еңбегі көпшілік назарын аударып, қауым арасында үлкен резонанс тудырды. Бұл Хабермастың 1968 жылы студенттік толқуларға белсенді түрде қатынасуына да байланысты еді. Дағдарыс жағдайында тұрған «саяси әрекеттегі», белсенді жұртшылық проблемасы Хабермастың басты тақырыбы болды. Бұл қауым қазіргі заманның «кейінгі капиталистік»

қоғамында өзгеріс бастамашыларына айналды. Осыған байланысты Хабермас «интеракция» проблемасын бөліп көрсетеді (коммуникация, адамдар арасындағы өзара әрекеттестік). Ол адамзат тіршілігін екі салаға бөледі: еңбек саласы (адамдардың табиғатпен өзара әрекеттестігі) және «интеракция» саласы (адамдар арасындағы өзара әрекеттестік).

Хабермас өзінің кіріспе лекциясында ғылыми таным мен табиғи тіршілік мүдделері арасындағы әдеттегі бөлініске қарсы пікір білдірді. Бұл теориялық таным туралы еуропалық түсінікке қарсы шыққанмен бірдей еді. Өйткені ол практикадан бөлек, мүддесіз таным ретінде қарастырылатын. Хабермас мүддесіз таным дегенді қабылдамайды. Хабермас ізімен ғылым түрлерін пәндік салалар мен әдістемелер бойынша ғана емес, олардың негізгі арқауы болып табылатын танымдық мүдделері бойынша да айыруға болады. Бұл ұғым арқылы қарапайым фактілер табу аясынан сыртқары шығатын ғылыми зерттеу мақсаты, яғни фактілер алуға қызмет ететін мақсаттар назарға алынып отыр.

Ол ғылымның өз танымдық бағытына байланысты белгілі бір мүддесі болады деп біледі. Бұл мүдде әр ғылым түрінде әртүрлі сипатта көрінеді. Ол барлық ғылымды мүдделеріне қарай үш топқа бөледі. Эмпирикалық-аналитикалық ғылымтүрлері – бұл, ең алдымен, жаратылыстану ғылымдары, сонымен бірге ұлттық экономика, социология және психология; бұлар позитивті ғылым түрлері ретінде қабылданады. Тарихи-герменевтикалық ғылым түрлері, яғни Дильтей рухындағы «гуманитарлық ғылымдар», тарих ғылымы немесе әртүрлі әдебиеттік ғылымдар. Мұнан соң, сын ғылымдары; Хабермас бұған бірінші кезекте Хоркхаймер мен Адорноның «Франкфурт мектебі» сыни әлеуметтік ғылымын, сонымен қатар өзге де идеологиялық, психоанализдік сын формаларын және «онтологиялық объективизмінен» арылған «философияны» да жатқызады.

Бұл үш топтың әрқайсысына «танымға жетекшілік ететін белгілі бір мүдде» тән екендігі көрсетіледі: жаратылыстану ғылымдарына «техникалық мүдде», «заттанған процестерді техникалық тұрғыдан игеруді мақсат ететін танымдық мүдде» тән [1]. «Техникалық» танымдық мүдде жаратылыстану мен техникалық ғылымдарды («сыртқы табиғатты» игеруді мақсат ететін «ғылыми-техникалық тиімділік») білдіреді. Моделін жаратылыстану ғылымдарынан алатын эмпирикалық-аналитикалық ғылым түрлеріне, Хабермас пікірі бойынша, «іс-әрекетті мүмкіндігінше ақпараттық қамтамасыз ету және оның нәтижелілігіне бақылау жасауды күшейту», соған сәйкес, «материалдық процестерді техникалық тұрғыдан игеруге деген танымдық мүдде» тән [1, 157 б.]. Осыған байланысты, жаратылыстану ғылымдары табиғатты игеру ілімін қалыптастыруға, оны таратуға және табиғатты техникалық тұрғыдан мейлінше тиімді түрде («нәтижелілікті бақылау») басқаруға қызмет етеді. Мәселен, тау жыныстары мен металл түрлеріне

тән өзіндік қасиеттерді зерттеуге (металлургияда) байланысты техникалық танымдық мүдде тауды бұрғылап тесіп тоннель қазу мүддесін де, сонымен бірге тоннелдерді бұрғылау процесін «техникалық тұрғыдан игеру» мүддесін де қамтиды.

Хабермас гуманитарлық ғылымдармен теңестіруге болатын тарихи-герменевтикалық ғылым түрлеріне тән танымдық мүддені жоғарыда аталған техникалық игеру мүддесінен айырып көсетеді. «Практикалық» мүдденің саласы – адамдар арасындағы «интеракция». Бұл салада ғылым мен техниканы пайдаланудың және дамытудың жалпы бағытын белгілейтін идеалдар мен мақсаттар түзіледі. Мұндағы мүдде, Хабермас пікірі бойынша, іс-әрекет пен түсіністікке бағытталған субъектаралық мүкіндіктерді кеңейту үшін маңызды мәнге ие [1, 158 б.]. Осыған сәйкес, герменевтикалық ғылымдар үшін негізгі мақсат, Хабермас тұжырымы бойынша, зерттеулер арқылы адамдардың субъектаралық түсіністікке қол жеткізуіне және оны кеңейте түсуіне ықпал ету болып табылады. Бұл тұрғыда, мысалы, өнер туындыларын талдап түсіндіру суретшінің «рухани өмірі» туралы (Дильтейге тән рухани өмір секілді) ілім беруге ғана қызмет етпейді, ол және адамның бірлескен өмірі қалай қалыптасуы тиіс екендігі туралы көкейкесті мәселені ұғынуға ықпал ету мүддесін де қамтиды. Білім беру философиясына қатысты бүгінгі күні жасөспірім жеткіншектер қандай мақсатпен және қандай нормалар негізінде тәрбиеленуі тиіс деген сұраққа жауап ретінде білім берудің герменевтикалық тұрғыдан мазмұндалған тұжырымдамаларын (мәселен, Кант немесе Гумбольд тұжырымдамалары) алға тартуға болады.

Хабермас бұл мүддені «практикалық таным мүддесі» деп атайды [1, 158 б.]. Осымен бірге «практикалық» мүддені техникалық тұрғыдан игеру мүддесімен шатастырмау керек екендігі ескертіледі. Тұрмыста практика сөзі көбінесе іс-әрекет алаңы (мысалы, техникалық) ретінде қолданылады да, ол ілімді белгілі бір мақсатта қолдану мәнін білдіретін «техникалық» сипаттағы ұғым ретінде қабылданады. Мектептегі педагогикалық практика балаларға белгілі бір оқу материалын тиімді түрде жеткізуге арналған дидактикалық әдістерді қолдану мәнінде түсініледі.

Әйтсе де, практиканың бұл түсінігіне қарама-қайшы, Хабермас оны Апельге сүйене отырып, басқаша сипаттайды: «өзара алмасушы субъектілер арқылы, техникалық операциялар арқылы өндірілетін құндылық тұрғысынан бейтарап нәрселерге қарама-қарсы саяси-моральдық тұрғыдан адамдардың релевантты коммуникациясы мен интеракциясы, сондай-ақ, экспериментальды ғылымның логикалық операциялары коммуникация мен интеракция практикасы болып табылады» [2]. Практика деп мұнда іс-әрекет мақсаттарының саяси және моральдық тұрғыдан қарастырғандағы релеванттық түсінігі алынып отыр.

Сонымен, гуманитарлық ғылымдарға «практикалық мүдде» немесе «іс-әрекет пен түсіністікке бағытталған субъектаралық мүкіндіктерді кеңейту мүддесі» тән [1, 158 б.]. Сын ғылымдарына – өзіндік рефлексияны қамтитын «эмансипациялық танымдық мүдде» тән. «Өзіндік рефлексия эмансипациялық танымдық мүдде арқылы айқындалады» [1, 308 б.]. Шеттету мен қанаудың барлық түрінен азат болуға ұмтылысты білдіретін азаткерлік сипаттағы «эмансипациялық» мүдде техникалық амал, әдістердің адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас («интеракция») саласына ауысуынан туындайды. Хабермас эмансипациялық танымдық мүддені өткен замандар мысалы арқылы да ұлғайтып көрсетеді. Мәселен, көне гректердің ертедегі философиясы индивидуумның өз сәйкестігін тапқаннан кейінгі мүдделік аспектісін есепке алғанда, тәңірілік күштерден және олар арқылы туындайтын аффектілерден арылуға ұмтылуы тиіс болатын [1, 154 б.]. Үшінші, Хабермас сипаттаған танымдық мүдде, сыни әлеуметтік ғылымдарды философиямен қоса бөлектейді. Бұл субъектілерді өзгерместей көрінетін үстемдік пен тәуелділіктен арылту мақсатын көздейтін «эмансипациялық танымдық мүдде» [1, 159 б.]. Хабермас әңгіме іс-әрекет ғылымы (адам іс-әрекетін зерттеп, оны бағыттауға тиісті) туралы болғандықтан, эмпирикалық-аналитикалық ғылымдар секілді әлеуметтік ғылым түрлерінің де ең алдымен «номологиялық ілімді», яғни пән салаларындағы байланыс заңдылықтары туралы ілімді ашу мақсатын көздейтінін атап өтеді [1, 158 б.].

Әйтсе де, сыни әлеуметтік ғылым түрлері ретінде олар «теориялық тұжырымдардың жалпы қоғамдық іс-әрекеттердегі инварианттық заңдылықтарды қай кезде дөп басып танығанын, қай кезде тәуелділіктің идеологиялық тұрғыдан алғанда тоқырағанын, бірақ принципінде өзгермелі қарым-қатынастарын тіркегенін тексеруге мүдделі» [1, 158 б.]. Әлеуметтік ғылымдардың сыни позициясы адамдық іс-әрекеттердегі өзгеріссіз жағдайларды идеологиялық сипаты арқылы өзгеріссіз болып көрінетін, бірақ шын мәнінде өзгермелі жағдайлардан айыра білуге бағытталған. Мұндай заңдылықтар мен олардың өзгермелілігі туралы ақпарат, Хабермас пікірі бойынша, өзгеріссіз саналатын тәуелділік қатынастарынан арылуға алып келетін рефлексия процестерін тудырады.

Мүдделердің бұл үш түрі қоғамдық өмір негізі болып табылатын еңбек, тіл, ықпал (билік) атты тіршілік салаларымен үйлеседі. Өйткені «Адам баласы өз тіршілігін қоғамдық еңбек жүйесі арқылы және өзін күшпен таныту арқылы; күнделікті қарым-қатынастың бірлескен дәстүрі арқылы; ең соңында, жеке тұлғалық тепе-теңдік арқылы қамтамасыз етеді. Жеке тұлғалық тепе-теңдік индивидуализацияның кезкелген сатысына тән нормаларға қатысты адам сана-сезімін нығайтып, бекітеді [1, 158 б.].

Әлеуметтік-теориялық талдауларға сүйене отырып, Хабермас ғылыми танымның туындауы мен қолданылуы арасындағы өзара байланысты

жүйелі түрде айқындауға тырысты. Ол қоғамның тіл, еңбек және билік арқылы ұйымдастырылатынын, бұл жалпыландыру құралдарымен жалпы ортақ мүдделер байланысты екенін алға тартады. Бұл мүдделер әртүрлі ғылым салалары бойынша өз тараптарынан активтендіріледі. Еңбекпен техникалық үстемдікті арттыру мақсатындағы әлеуметтік мүдде байланысты болса, тіл және коммуникация – өзара түсіністік бағытындағы әлеуметтік мүддемен, топтарды өзін өзі сақтауға мәжбүрлеу ретінде түсінілетін билікпен, қажетсіз мәжбүрлеулерден арылу мүддесімен байланысты: «Трансцендентальды тұрғыдан қажетті саналатын айрықша көзқарас үш категорияны белгілейді: ақпарат, түсіндіру (интерпретациялау) және талдау. Ақпарат біздің техникалық үстемдігімізді арттырады, түсіндіру жалпы дәстүрлер арасынан іс-әрекетті бағдарлауға жол ашады, талдау сана-сезімді гипотазданған күштерге тәуелділіктен арылтады. Жалпыландырудың белгілі бір амалдарына: еңбекке, тілге және билікке бала күннен бауыр басқан көзқарас қанару мүддесімен өзара байланыстан аулақтай алады» [1, 162 б.].

Бұл қоғамдық мүдделер ғылыми теориялардың дамуына пәрменді ықпал етеді. Жаратылыстану ғылымы теорияларымен жаратылыстану ғылымдары моделінде әрекет ететін эмпирикалық-герменевтикалық ғылымдар негізінде – практикалық мүдде жатыр, ал сыни бағыттағы ғылымдарға эмансипациялық танымдық мүдде тән [1, 155 б.].

Хабермас «Таным және мүдде» атты еңбегінде бұл тезисті ғылыми практика негізінде жатқан ережелер арқылы дәлелдейді. Эмпирикалық-аналитикалық ғылымдар саласының гипотеза заңдылықтары формасын иеленген қағидалары, сондай-ақ, болжам жасау, бақылаудың бақылау нүктесінен тәуелсіздігі бұл ережелер негізінде техникалық үстемдікті арттыру мүддесі жатқандығын көрсетеді. Осыған сәйкес, герменевтика ережелері өмірлік-практикалық өзара түсіністікті нығайтуға қызмет етеді. Ең соңында, Хабермас психоанализ мысалы арқылы сол психоанализдің әдістемелік процесі негізіне мәжбүрлеуден арылу мүддесін қалай енгізуге болатынын көрсетуге тырысады: пайда болудың өзара байланыстарын қайта қалпына келтіру барысында потологиялық нәрселерді тудыратын жағдаяттар ашылады. Мәжбүрлеу симптомдарын жоюға әкелетін өзін өзі рефлексиялау әрекеті көрініс береді. Психоанализбен салыстырғанда, сыни социология қоғамдық потологиялардың туындауына тән өзара байланыстарды түсіндіріп, оларды ретке келтіруге көмектесуі тиіс. Сонымен, сана-сезімді мүдде арқылы бағыттайтын нәрсе эмансипация болып табылады.

Бұл Хабермас тезистері Батыс Германияның философиялық-білім беру және педагогикалық теорияларына зор ықпал етті. «Эмансипациялық танымдық мүдде» идеясы «жаңа солшылдар» педагогикасы үшін ерекше мәнге ие болды. Эмансипациялық тәрбие мен білім беру жалпыға ортақ талапқа айналды. Хабермас білім беру философиясы туралы, педа-

гогика туралы нақты әңгіме қозғамайды. Ғылымның үш тобында да олар жайлы сөз жоқ. Бірақ, білім беру саласына сілтеме жасалады. Хабермас пайымдауынша, «сана-сезімге жетекшілік ететін мүдделер жеке тұлға функцияларына бекиді. Бұл функциялар оқу процесінде олардың экстремальды өмір жағдайымен сәйкеседі; жеке тұлға білім беру процестері арқылы коммуникативтік байланыстағы әлеуметтік тіршілік әлемін игереді; және сезікті қарсылықтар мен қоғамдық мәжбүрлеулер қақтығысы арасынан тепе-теңдікті табады» [1, 162 б.]. Бұл Хабермас келтірген мүдденің үш формасында да педагогикаға тән нәрселер бар екендігін көрсетеді.

Хабермас «Академиялық білім берудің әлеуметтік өзгерісі туралы» атты еңбегінде адамның жат болу проблемасын қозғайды. Мұны қандай да бір ғаламдық идеал ретінде қарастыратын ғылымнан ерекшелігі, Хабермас сол ғылым түсінігін дифференциялау арқылы өз тұжырымын жасайды. Ол ғылымның, жоғарыда біз қарастырғандай, үш түрін бөліп көрсетеді, атап айтқанда: эмпирикалық-аналитикалық ғылымдар (негізінен тәжірибеге сүйенген), тарихи-герменевтикалық ғылымдар және сыни-бағдарлы ғылымдар (сын ғылымдары). Заманауи ғылым генезисі тұрғысынан алып қарағанда (XVII ғасырдан бастап) эмпирикалық ғылымдар табысқа қол жеткізді. Заманауи ғылым Хабермас үшін эмпирикалық ғылым болып табылады. Ол гипотезаларға, заңдылықтар мен бақылауларға негізделеді. Бұған қоса, эмпирикалық ғылым мәселенің тек табиғи жағдайына ғана емес, сонымен бірге қоғамдық жағдайларға да сүйенеді. Бұл ғылым адамға бірыңғай техникалық нормалар ұсынады. «Нұсқаулықтар мәліметі бізді дәл қазіргі сәтте мәселенің қандай жағдайына сүйену керек екеніне үйретеді, олар және мәселені меңгерудегі іс-әрекет диапазонын да көрсетеді» [3]. Бұл – техникалық күш-қуат.

...В мире сегодня, как никогда, тревожно. Никто не может чувствовать себя в безопасности. Нет тыла, нет убежища. И когда молодая француженка бесстрашно заявляет, что будет жить так, как будто ничего не случилось и отправится вечером на концерт любимого скрипача, она лукавит. Нежные звуки скрипки не заставят умолкнуть бьющегося от страха сердца: а вдруг?... Так неужели сбылось предсказание Хантингтона о столкновении цивилизаций и нет пути к преодолению культурных разломов? Надвигается, неумолимо надвигается нечто страшное, от чего у нас нет спасения?

Но не будем отчаиваться. Вопреки Хантингтону, нет столкновения цивилизаций. Скорее, это противостояние цивилизации, куда включается и исламский мир, и варварства, дикости, изуверства. По ту сторону баррикад – те, кто поддался изощренным методикам промывания мозгов и уверовал, что справедливость следует устанавливать кровью, насилием, преступлениями. Но в священных текстах говорится о другой, об истинной, божественной справедливости, которая не «устанавливается» а «восстанавливается», и только через справедливость и согласие.

Справедливость означает жизнь в согласии с Богом, а значит с самим собой и с другими людьми. Культур, цивилизаций, народов, этносов, индивидов – великое множество. Но земля – одна, и Бог един, и людям в любом случае придется между собой договариваться. Потому что не в силе – справедливость, а в справедливости – сила.

Литература

- 1 Коран. Пер. с араб. акад. И.Ю. Крачковского. – М.: Наука, 1990. – 510 с.
- 2 *Аль-Газали*. Воскрешение наук о вере. – М.: Наука, 1980. – С. 164.
- 3 *Ибн Араби*. Мекканские откровения. Спб.: Центр «Петербургское востоковедение», 1995. – 288 с.
- 4 Цит. по *Смирнов А.В.* Справедливость (опыт контрастного понимания) / Средневековая арабская философия. Проблемы и решения. – М.: Восточная литература, 1988. – 52 с.
- 5 *Аль-Фараби*. Афоризмы государственного деятеля / Социально-этические трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1973. – С. 222.
- 6 *Батьер Р.* Абу Ханифа. Жизнь и наследие, часть 1. – Атырау: Көкжиек, 2013. – 288 с.
- 7 *Абай*. Книга слов. Шакарим. Записки забытого. – Алма-Ата: «Ел», 1993. – С. 64-66.

References

- 1 Koran. Per. s arab. akad. I.YU. Krachkovskogo. – M.: Nauka, 1990. – 510 s.
- 2 *Al'-Gazali*. Voskreshenie nauk o vere. – M.: Nauka, 1980. – S. 164.
- 3 *Ibn Arabi*. Mekkanskie otkroveniia. Spb.: Centr «Peterburgskoe vostokovedenie», 1995. – 288 s.
- 4 Cit. po *Smirnov A.V.* Spravedlivost' (opyt kontrastnogo ponimaniia) / Srednevekovaya arabskaya filosofiya. Problemy i resheniya. – M.: Vostochnaya literatura, 1988. – 52 s.
- 5 *Al'-Farabi*. Aforizmy gosudarstvennogo deyatelya / Social'no-ehlicheskie traktaty. – Alma-Ata: Nauka, 1973. – S. 222.
- 6 *Bat'er R.* Abu Hanifa. ZHizn' i nasledie, chast' 1. – Atyrau: Kөkzhiek, 2013. – 288 s.
- 7 *Abaj*. Kniga slov. SHakarim. Zapiski zabytogo. – Alma-Ata: «El», 1993. – S. 64-66.

Түйін

Соловьева Г.Г. Ислами білім берудің құлықтық құндылықтары: әділдік

Мақалада ислам діні іліміндегі негізгі қағидалардың бірі саналатын «әділдік» ұғымының мәні мен мазмұны ашылып көрсетіледі.

Жоғары құдай әлемі мен бұл дүниедегі, яғни адамзат өміріндегі әділдіктің арасындағы ұқсас тұстар көрсетіледі. Әділдіктің онтологиялық сипаты Алланың әлемді үйлесімді, әділ жаратуы және ондағы адам тағдырының орны арқылы анықталады. Ең бастысы, бұл дүниедегі әділдіктің мәні әлеуметтік онтологияда жатыр.

Әділдіктің екінші мәні әділ сот болып табылады және оның сауабы адам өмірінен орын алу керек. Бұл – әділдіктің жоғарғы өлшемі ретінде Алланың ерігіне сүйенетін нағыз әділ сот.

Summary

Solovyeva G.G. Moral Values of Islamic Education: Justice

The article reveals the meaning and content of one of the fundamental principles of the Islamic faith – fairness.

Thus the analogy between divine justice and earthly, human. The ontological character of fairness is manifested in the harmonious, equitable arrangement of Allah peace and determining the fate of man in it. And in this life is fairness, especially in the social ontology.



Мейрманов А.Д.,¹ Ежембекова С.Б.²

^{1,2} ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты

ШӘКӘРІМ МҰРАСЫНЫҢ РУХАНИ-ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ӨЗЕГІ – НҰРЛЫ АҚЫЛ

Аннотация. Мақалада адамның рухани-танымдық мүмкіндігі, қабілеті және еркі жайлы Ш. Құдайбердіұлының ой-пікірлерін оның поэзиялық шығармаларын талдау арқылы зерттейді. Нұрлы ақылды иеленуге адамды баулу ғұламаның басты габриаты екені пайымдалады.

Түйін сөздер: нұрлы ақыл, адамның еркі, ар-ождан, даналық, рухани таным, ақиқат.

Шәкәрім Құдайбердіұлының жасы қырыққа келген шағында сыншылдық ой сарынына салынуы оның шығармашылығында әлеуметтік-философиялық көзқарастарының айқындала түсуімен көрінеді. Елдің мінін көруі мен көптің дертін түсінуі ұштастығы, сондай-ақ, адамгершілік қасиеттерден, елдік салттан айырылып, партияшылдыққа салынған, надандықпен, даңғаза мақтанқұмарлықпен азғындаған елді сынауы – оның рухани күйзеліске ұшыраған хәліне жаны ашығандығы ақын дүниетанымының, өмірлік ұстанымының ағартушылық арнаға толықтай ойысуынан хабар береді.

Алайда, ақынның ағартушылығы батыстағы ағартушылықтан немесе гуманизм ұғымынан өзіндік ерекшелігі мен айырмашылығы бар екенін ескерген жөн. Шәкәрім ұстаздың ағартушылығы хақтық жолға тәуекелмен бел буып, толықтай бет бұруымен, өзін сол жолға құрбандыққа тігіп, ар ілімін, жүрек танымын зерделеуге және ар түзейтін ілімді халыққа жаюға зор жауапкершілікпен ден қойғандығымен ерекшеленеді. Сондықтан, оның ағартушылығы елді жәй ғана сауаттандырумен шектелмей, адамның көкейкөзін ашуды, жан-жүрегін тазартуды, надандық құрсауынан шығаруды, рухани серпіліске жетелеуді мақсат етеді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы өз заманының қоғамдық-әлеуметтік жағдайымен, саяси-тарихи оқиғаларымен, рухани-мәдени хал-ахуалымен шектеліп қалмайды, өзінің рухани самғау биігінен осыншама көп кемшіліктің басты себептерін іздейді. Нәпсінің жетегінде кеткен адамның азғындауын, саяси мүдделердің желеуімен адамгершілік мұраттардан адасқан қоғамдардың тоқырауын, соқыр сенім, жалған идеялардың соңында кетіп ғылымның, діннің, философтардың адасушылықтары мен бұрмалауларға ұрынуларын таза ақылдың сын-сарабына сала бастайды. «Адасып діншіл азғанын,

Пәншілдер ғылым қазғанын, Философ ойшыл жазғанын, Сынауға енді бұрдым бас» деген ғұлама бұл бетбұрыс жан ізденісінен туғанын айтады «Қырықтан аса бергенде Ақылым қылды шерменде: «Дінім қалай, жаным не, Жоғалам ба өлгенде? Әлемді кім жаратқан, Осынша түрлеп, таратқан?», «Ақирет деген немене, Шыққан жан қайта келе ме, Кіре ме осы денеге, Дәлелі қайсы сенгенде?» Бұл сұрақ кез-келген адамды толғандырмай қоймайтын адам болмысының мәнін айқындайтын сауалдар. Әрине, бұл сұрақтарды өзіне өзі қоймайтын, өз көңілі құп алатын жауабын тапқанда ғана жүрегі орнығатын, тіптен осы сауалдарды өмірінің әр кезеңінде жаңартып өзіне қойып отырмайтын адам кем де кем. Шәкәрім ойшылдың шығармаларын оқып, көкейіне тоқыған әрбір шәкірт, осы сауалдарға көңілі толар, ойына қонар жауап табары сөзсіз. Осы сауалдардың жауабын табу үшін ол 1905-1906 жылдары қажылық сапарында білім іздеп Мекке Медине, Стамбул шаһарларының кітапханаларын ақтарады, арғы бергі ғалымдардың кітаптарын алып оқиды [1].

«Ноктасыз оймен тексердім, Бояулы діннен сескендім, Дін шатағын көп көрдім, Қатесін сынап, тергенде, іздедім таптым анығын, Тастадым ескі танығын, Хақиқат нұрдың жарығын, Жарылды жүрек көргенде» [1, 492 б.] деген жыр жолдары таза, мінсіз, сау ақылға жүгінген сыншыл ойдың иесі, нұрлы жүрек танымымен «Ақылмен нанар иманды тапқанын» және оның осы сенім жолында қандай құрбандыққа болса да дайын екендігін аңғарамыз. Ықылым заманнан осы сауалдарға орай айтылған жауаптармен танысып, өз ойқазанында қорытып, қажеттісін алған, сонымен қатар ғаламдық деңгейде озық ойлы адамзатты толғандырған, алыс жақын шет елдерде танымалдыққа ие болған ой-пікірлердің негізгілеріне бейтарап қалмай өз жауабын берген. Адамзат қауымдастығының ғаламдық деңгейдегі жаһандық мәселелерінің себептері мен салдарларын, сипаттарын пайымдауы, ғұламаның көңіл көкжиегінің кеңдігі мен жалпыадамзаттық құндылықтық деңгейде ой түйіп, өрнек түзген ойшыл екендігін көрсетеді. «Ақирет, Құдай, жан сырын, Тексере келе келіп әрбірін, Шеше алмай анық тағдырын, әртүрлі айтып қарысқан» философтар, ойшылдар, данышпандардың ой-пікірлерін сынға салып, қатесін ашып, жалғанын тастап, керектісін алғанын айтады. Мәселен, жиырмамыншы ғасыр қарсаңы көзбен көріп, қолмен ұстағанға ғана сенуге үндейтін позитивизм атымен белгілі көзқарастың қанат жая бастаған кезеңі еді. «Тіршілік жан туралы» өлеңінде жанды жоққа шығарып, тәнді бүкіл жаралыс бастауы деген көзқарастарға қарсы ой-пікірін айтады. «Қасыңа қылыш қайратқан, Досыңа гүлдей жайнатқан, Ерік пен талап, ой беріп, Ойыңды сөзбен сайратқан, Жан емес дейді білгіштер, Осыған нанған есерлер, ойы кем сөзге шешендер, Ақылмен жанды тексермей, Денешіл, Пәншіл кеселдер» [1, 264 б.] десе «Үш анық» еңбегінде көптеген дәлелдер келтіре отырып, бұл жалған пікірді жоққа шығарып, дәлелдейді [2].

Осындай сенім иелерін ақылдан алыстатып, бас көзіне ғана сенетін, көкіреккөзі байлаулы көр соқыр наданға айналдырған, ой-санасын дене мен пәнге байлаған Огюст Конттың сөзі еді дейді. «Олар шатақ діннен қашқан, сөйтіп, жан жоқ деп, Тіпті алысқа кетіп, адасқан. Бар обалы оның шатақ діншілде, бар дінді бояп, басқан» деп түйіндейді. «Шатақ діншілдер» деп атап отырғаны ақылмен тапқан нұрлы иманға жүгінушілер емес, дінді соқыр сенімге айналдырып бұрмалаушылар, дінді қақпан қылып адам аулаушылар, дін терісін жамылып, адамды аң орнына атушылар, дінді тұзақ етіп шәкіртін құлдыққа мәжбүрлеушілер тағы басқа жолдармен діннің асылын жасырып, оны биліктің, үстемдіктің құралына айналдырып, қара басына пайдаланатын бұрмалаушылардың тоғышарлықтары адамдарды діннен бездіргенін айтады. Осындай жалған нанымдардан қашқан адамдар екінші ұшқарылыққа ұрынды, сөйтіп, «жанды» және «Жаратушыны» жоққа шығаруға бет бұрды дейді. «Бұл күнде дұрыс иман жоқ, Шатақ дін нәпсі тиған жоқ, Ақылы саудың ойына Алдамшы діндер сиған жоқ» [1, 277 б.] адамдардың иманнан безуі, дінді мансұқтап, Жаратушыны жоққа шығаратын атеизм идеясының үстемдікке ие болуына басты кінәлілер өздерін діншіл қылып көрсетіп, сол дінді жеке бас пайдасына тұтынушылар, сол дінді шатаққа айналдырушы бұрмалап түсіндірушілердің өзі дейді. Сондықтан, діннің ақылды сауықтыратын, нәпсіні тиятын, рухты өсіретін қасиетін ашу және дінді осы мақсатта ұстанудың үлгісін көрсету ақынның басты мақсаты. Сондықтан да, діни имандылық негізге тән аксиологиялық ұстындарды жоққа шығарушыларға қарсы жауапты, ол ғылыми теориялық ізденіс арқылы тауып, қара сөзбен дәлелдеп жазады. Дінді бүгінде де идеологиялық құралға айналдыруы арқылы, әлемге үрей мен қорқыныш туғызып, жекелеген топтардың мүддесіне пайдалануға ұмтылыс үдерісі арта түскені көрінеді. Сол себептен, осындай алмағайып кезеңде діннің рухани-танымдық мән-мазмұны мен ар-ұжданды тезге салар этикалық қырларын танытуға күш салған Шәкәрім ұстаз мұраларының құндылығы өзектене түседі.

Аласапыран заманда халық басына төнген қиындыққа күйзеліп шарасыздықтан «Оған тағы құл болдық, Сатылған мал мен, пұл болдық, Әркімге тиген тұл болдық, Шындықты қайдан табайын» әділеттілік іздеп сансырайды. Сол кезеңдегі қоғамдық әлеуметтік өмірге, саяси жағдайға да бейтарап қарай алмайды, белгілі бір деңгейде араласады. Дегенмен, өзін ол ортаға жат сезініп елден оңаша кетуге бейімделе береді. Оның өгейлігі қоғамнан жеріп, өзгені кемсітіп жаттанудан емес, керісінше өзін олардың құрбандығына тігуге бар ыстық махаббаттан бастау алатын, жоғары рухани жағдайына сай туындаған жатсыну еді. «Көптің ішінде жалғыз» деген ұғымды әртүрлі түсінуге болады. Бүгінгі жаһандану заманында, тұтынушылық қоғамда үлкен мегаполистердің тұрғындары жеке басының ғана уайым-қайғысымен өмір сүруін, өмір сүру кеңістігіне өзгенің әсер етуін қаламай, оқшаулануын,

қоршаған ортаның барлығынан дұшпандық сезініп, жаттануын осылай атасақ – бұл рухани емес, пенделік жаттану. Ал, дәстүрлі қоғамда өмір сүре тұра, сол қалың бұқараның қайғысымен өзін көптің ішінде жалғыз сезінуі, оның өзгеден озық рухани ахуалынан хабар береді.

Ой құлағын ашуға, надандықтан қашуға шақырған ақын, өзінің ұсынған мұрасында адам жанына азық, рухына қуат, ойына тоқтам берер «Жан мен тәңірі жайында тынымды ойлар бар» екенін айтады. Өзі таңдаған бұл хақиқат жолдың тәуекелді қажет ететін өте шетен, қиындығы мол, ауыр азабы мен жауапкершілік салмағы бар жол екенін ескертеді. Бұл жолдағыны көпшіліктің түсінбей жатырқауы да заңдылық – «молдалар дін бұзар» деп рухани мәні бар сөздерін түсіне алмаса, ел-жұрты мінімді бетке басты «алжыды» деп, ащы тілмен сөгіп, кемшілігін бетке айтқанын көтере алмады, жастар «ескішіл» бай жуан деп, сол кезеңдегі идеологияның желеуімен түсінбестікке ұрынды. «Қазақтан мендей ұл туса, Осындай түзу жол қуса, Хақиқат іздеп бел буса, Ол да бір жақсы ырым-ды» деген жолдарда өз заманына, өз халқына өгей болып, замандастарына сөзін өткізе алмай, торықса да, бұл жырлардың сырына бойлар, асыл қазынаны игерер, ақыл нұрына қанығар ұрпақтың болашақта дүниеге келеріне зор үмітпен қарайды. «Жетім бала иесіз, өзі кесер кіндігін» деп, өзі иеленген ақиқаттың нұры мен сырын терең сезіне отырып, оның салмағын бағамдайды. Бірақ, өз тұрғыластарының арасында бұл ақиқатты түсінушілердің аздығына, сол шындықты насихаттап таратудың өрісі тарлығына налыды. Замандас көпшілікті надандықтың қараңғылығынан жарыққа шығаратын ықпалды күшке ие бола алмадым деп өкініп, өз мұрасының төрешісі де мұрагері де келешек ұрпақ деп біледі. «Иесін білме, сөзін біл, Сыртын ұқпа, ішін біл, Тағдырдың сырын тәлім қыл, сынап, теріс жөндігін» дегенде өз жырларының ішкі мәніне үңілуге, адамның тағдырға мойынұсына тұра, өмір жолындағы сынақтарға төтеп бере тұрып, адамгершілік ардың жолынан таймауына үндейді, тағдырдың сырыннан ғибрат алуға шақырады.

«Ойла мен бір азатпын, Бар бейнеттен құтылған. Тіпті, қызық мазақпын. Жетпіс жыл ойнап ұтылған». Ішкі рухани еркіндікті иеленген азаттық халін айта отырып, сонымен қатар, жетпіс жылдық өмірінде адамды ілгері бастыруға үмітін үзбей артына алаңдаумен болса да, дүние өз жалғандығымен үстем түсіп, жан дүниесін тонап жатқандығын немесе шатыраш ойнап ұтылғандай шарасыз күйде қалдырған халін айтады. Осылайша азат қалпы мен мазақ халін шендестіре толғау арқылы адамның толқынды көңіл күйі мен тіршілігінде ізгілік үшін күресін бір сәтке тоқтатпауға тиісті ерекше рухани-психологиялық ахуалын ашады. Осындай «Сұм дүние тонап жатыр шараң барма» деген сарын Абай шығармашылығында да бар. «Жаралы жаным шықсын деп, Қара жер мені жұтсын деп, Өлген соң мен мұтсын деп, Атымды қойдым «Мұтылған» деген жолдарда өзін жоққа санауын «өлім алдындағы өлуге» балауға болады.

«Әлемді түгел мен көріп, Ешкім мені білмесе мұқтажым нәпсім жоқ болып, Зияным жанға тимесе» [1, 281 б.] деп басталатын жырында да өзінің өзгені жөндеймін деген талпынысындағы әлсіздігін, шарасыздығын біле тұра, бірақ, ақиқаттың жерде қалмайтынына деген сенімі мен игілікке деген риясыз ұмтылысын көреміз. Рухани тазару арқылы өзінің өткінші дүниедегі көптеген ұмтылыстарының талаптары мен істерінің кемшілігі мен мінін көріп, бой жыйуы өзіне осындай ат беруінен анық көрініп тұр. «Мұтылған» сөзінің өзінде ырықсыздық мағынасы басым тұруы ғұламаның өзінің және оның шығармашылық тағдырының зорлық пен қиянатқа ұшырап, көп уақыт жазықсыз жаппа шегуіне, жарық көрмей қамақта қалуына ишаралап тұрғандай. Мәселен, Шәкәрім Құдайбердіұлының дұшпан қолынан шәйіт болуы, одан отыз жылдай баласы Ахат сүйегін қазып алып қайта жерлегенше идеялогиялық қысымның зардабымен сүйегінің ескі құдықта қалуынан, мұраларының тәуелсіздік жылдарына дейін жарыққа шықпай қудалануынан да осы бір ырықсыздықты, Хаққа жасалған жойдасыз қиянаттың көрініс табуын байқаймыз. Кейінгі ғасырлардағы өз халқының басына түскен қиыншылықтар мен зор нәубеттердің бәрін терең сезінген ақын мен оның шығармашылық мұрасы да, бүкіл Құнанбай қажы әулеті де осы қиыншылықтардың зардабын елмен бірге тартты, тіптен осы дауылдың өтінде қалып бар ауыртпалығын басынан өткізді.

Көрнекті әдебиеттанушы Т.Кәкішев ақынның «Мұтылған» атын иеленуіне «Мұтылғанның символикалық астарын ашып ел-жұртқа дұрыс түсіндірейік. Демек, «Мұтылған» деген атауда азап-бейнет те мүжіліп шаршау да, қамығып қан жылау да, шығар жол, жұтар ауа таба алмаған жанның батпандай қайғы-қасіреті де, еліне сөзін өткізе алмаған өкініші де, шарт сынған намыс та бар» [3] деп назар аударады. Шәкәрім қажының өзі ақталуынан кейін де шығармаларының жарық нұрын халықтан жасыруға, тұмшалап жабуға деген қаскөй ниет тоқталмаған. 1986 жылғы оқиғалардан кейінгі жылымық тұсында ақынның шығармаларын ақтап, жариялауға шешім шығарған комиссия жетекшісі академик Ж. Әбділдиннің естелігінен осыны көреміз. «Шәкәрімге қатысты барлық материалдарды қолыма алып, мұқият оқып шықтым, ... өзімнің айналысып жүрген Кант, Гегель, Фихте, Шеллинг, Платон, Аристотель сынды идеалистермен салыстырып қарасам, Шәкәрім тіпті әулие екен, орысша айтқанда «святой». Бұл кісінің өлеңдерінде орысқа немесе кеңес үкіметіне тиіскен бір ауыз сөз жоқ. Шәкәрім өзі Абайдан кейін философиямен айналысқандардың бірі. Өлеңдерінде әсіресе этика мәселесі, адамгершіліктің түрлі категориялары кеңінен қаралған. Бұл кісінің шығармаларына шындап бойласаңыз, ол халқымыздың әлемдік өнерге, ғылымға ұмтылуына көп атсалысқан нағыз ағартушы» [4].

Ғұлама шығармашылығында сан салалы ойлардың тоғысар ауқымды арналары бар. Оларды Махаббат, өлім ажал, рухани мастық, пікір, иман, ақыл, әділет ар, ұждан, жүрек, ақирет деп шартты түрде анықтауға болады.

Бұл арналардың толғауы тоғысар өзара үндесер немесе қарама-қайшылықта дами тұра, тың ойға жетелер тұстары көптеп кездеседі. Бірақ, ғұлама шығармаларын танып білудің бір әдісі ретінде осы салалас арналарды жекелей алып және өзара байланысына назар аудара отырып, сабақтастыра зерделеу әдісін қолдансақ, бұл мәні терең бейнелі ойларды саралап тануға белгілі бір мүмкіндік береді. Сол арналы бір сала ғұламаның махаббат жайлы толғаныстары. «Бүтін әлем байланған сиқырыңа, Мен жындандым асық боп сол нұрыңа. Шірік иман, шыққан жан арман емес, Қолымды бір тигізсең бұрымына, Нұрға байсың, нұрыңнан зекет парыз, Мен кедеймін нұр сұрап қылдым арыз. Бір қарасаң тірілер өлі денем, Қарамасаң мойныңда кетер қарыз» деген шумақтардан «дидар талаппен» Хаққа ғашық болған сопылардың хаққа махаббатын арнауымен үндестікті көреміз. «Ләйлі – Мәжнүн» поэмасының қорытындысында өзінің дертті ғашықтық ғаріптік хәлін Мәжнүннің қалпына балап былай дейтіні бар: «Іздеген ғашық болып бес нәрсем бар, Берейін атын атап, ұқсаңыздар: Махаббат, ғаделет пен таза жүрек, Бостандық, терең ғылым – міне осылар» деп, өзінің Хаққа деген махаббатын салалап таратып айтуы мен нақтылауы арқылы осы бес асыл іске деген талабын рационалды түрде түсіндіреді. Дегенмен, мистикалық тұспалға толы иррационалды танымға нұсқайтын ой түйдектері өлендерінде жиі кездеседі.

Ғұламаның «жарым» деген сөзі сопылықтағы «хақ дидары» деген ұғымның баламасы деуге болады. Бұл оның танымдық аңсарын, гносеологиялық мақсатын анықтайтыны еске алсақ, оның рухани хәлін басымыздан өткізбей тұрып жеткізер ойын толық байыптай алмасымыз белгілі болады. Дегенмен, ұғарымыз бұл ілімді, ілкі танымды, ғұлама ерекше рухани хәл үстінде иеленгендігі. «Жарымның нұрына жанып, Тәнім көмір бола қалып, Жүрегімді жарып алып, Ағызды арамын-насын» [1, 305 б.] деген жолдар сопы ғалымдар өздерінің пайғамбар сүннетіне адалдығын жүрек кірі мен тотын тазартуға бар қажыр-қайратын аямай жұмсап, тіптен өзін құрбан етуге даяр екенін көреміз. Бұл шумақтағы ишара пайғамбар өміріндегі ғибратты оқиғаға сәйкес болуға тырысуынан туған мистикалық психотехникаға меңзейді. Мұхаммед пайғамбардың балалық шағында періштелердің оның жүрегін жуып тазалауы оқиғалары белгілі. «Жарға ғашық болғанымға таңданатын түк те жоқ, Жер жаралмай тұрғанында Менде асықтың нұры бар» деп әлмиссақтағы ант жайлы айтты десек, «Жар», «жар нұры» сөздерін сопылық танымдағы «хақ дидары» ұғымына балауға боларын тұспалдаймыз.

Шәкәрім қажы өзінің діни, рухани танымы мен рухани әлеміндегі серпінді өзгерістерді жеткізуінде сопылық танымға тән бейнелі баламалы теңеулерге жүгінетін кездері де аз емес. Мәселен, «Сорлы бұлбұл жарға асық боп, Нұрлы гүлге айтты зар, Көбелек те шамды алам деп, отқа түсті боп құмар» [1, 300 б.] «Жүректен аққан қанымнан Жиіркенбе – нұр деп біл, Сайраған бұлбұл зарынан Нұрланады қызыл гүл» [1, 295 б.] деген шумақтарда бұлбұл мен гүл,

көбелек пен от баламалары сопылық танымға сай қолданылып тұрған образды балама теңеулер. Рухани мән мазмұндағы терең сырлы жырларын оқи отыра ғұламаның хақ дидарына ғашық болып сол жолда жанын да иманын да құрбан етіп, өзін жоққа балағанын аңғарамыз. «Өртейін деп отқа көмдім, От жүрегім жанбады, Жанды апарып жарға бердім, «Пара ғой» деп алмады. Жан, тәнімді, иманымды – асылымды бойдағы, Аямадым жиғанымды, Сонда да көз салмады. Жар қараса тірілуші ем, Қарамаса, мен өлік. Рахым етіп қылмады-ау ем. Енді үмітім қалмады. Сөйтсем, онда сыр бар екен байқамаппын мен оны Қосылайын өлсе деген Амалы екен алдады. Өліп едім жар бірігіп, бір бейісті таңдады. Ләйлі Мәжнүн қарсы шығып Ерулікті қамдады» [1, 289 б.] «Жар сипатын білсеңіз де, Нәпсің өлмей деме жар. Айла, алдау сөзіңізге шын хақиқат нанбады» деген жыр жолдары осы дүниеде нәпсіні жеңіп, шын тірлікке қол жеткізуді көздеген риясыз шынын ашық айтады. «Анық асық – әулие кереметке сол ие. Жаны құрбан жарына, Керексіз өзге дүние. Жарынан бөлек жаны жоқ, Табатын басқа жары жоқ. Асықтан аяп қалатын Иманы, малы, ары жоқ» «Өзгермейтін өлмейтін өмірді талап етемін, Қайталап ойын көрмейтін Қызыққа түпсіз жетемін».

Плотин Энеадаларында: «б. Итак, как гласит старинное изречение и умеренность, и мужество, и всякая добродетель, и самая мудрость заключается в очищении. ... что кто не очистится тот будет прибывать в преисподней, в грязи,... Мужество же – отсутствие страха перед смертью, ну а смерть отделение души от тела. Не страшится этого тот кто жаждет остаться один. Величие же души – презрение к вещам тленным, А мудрость – это мышление отвращающееся от низменного, ведущщее душу к высшему миру. Итак, очищенная душа становится эйдосом и духом, вполне бестелесной, разумной и всецело принадлежит божеству, в котором источник прекрасного и всего подобного что сродни ему» [5] деп жазады. Нағыз ердің ісі өлім алдындағы қорқынышты рухани тазару арқылы жеңу деп біледі. Даналықтың өзі тазалыққа ұмтылудан туындап, руханилық мұрат аңсарына жетумен қанаттанатынын айтады.

«Ғылымсыз адам – айуан, Не қылсаңда ғылым біл, Ғылымға да керек жан, Ақылсыз болса ғылым тұл» Жанды ғылым адамға хақ тарапынан берілетін нұрлы сырлы ілім. Нұрлы ақылдан ада болған ғылымның адамға тигізер зиянының көп екендігін бүгін экологиялық зардаптардан да көріудеміз. Ал, ғылымның жауапкершілігі бүгінгі ғылым философиясын толғандыратын басты мәселелердің бірі. Ақиқатқа жетер жолдың соқтықпалы соқпағы мол қиын, биік қамал асулары, айналып өтпес бөгеттері бар жол екенін ескерген ғалым Адамның еркі қайда деп өз ақылына сауал қойып, «Ақылдың жауабы» деген өлеңінде «мақсұт пен ындын еркің ғой саған, Жаралыстың берген еркі сол, Талап ет сен таза жол» [1, 253 б.] деп адамзатқа қалау еркінің мақсұт пен ындын түрінде берілгенін айтады. Бірақ, адам өмірге еріксіз келіп еріксіз кеткені сияқты, басқа да көптеген себептердің ағымында, кезегімен

келген құбылыстардың оқиғалардың жетегінде суға аққан дөңбекше тағдырдың айдауымен өмір сүреді. Дегенмен, адамның еркі бар ма, қайдан бастау алады, ол қалай берілген, бар нәрсе болса өз еркіне өзі егемен болуы дегеніміз не? Одан айырылудың себебі қандай, қауіп бар ма? деген сауалдарды қоя отырып, шын ақылға жүгіне отырып тапқан жауаптары бойынша сол еріктің өзін о бастан адаспас мақсатын белгілеп барып, ындынын бағыттап, Жаратушының өзі бергенін байқаймыз. Адамның жүрек тереңінде сақталатын осы түпмақсатынан айнымай, ындынын бағытынан аудармау адамның шын мәніндегі өз еркіне ие болуы. Алайда өмір өзеннің селді ағымы қатты, «Таза жолдан таймай барғаның Жетпесең де алғаның» деп адамды бекемдіккен шақырған ғұлама үшін адамның қалау еркі әл-миссақтағы антқа орай адамға рухани әлемде о бастан берілуі айқын ақиқат. «Әл-миссақтағы ант» оқиғасына орай адам баласының барлығы таза рухтар әлемінде Хаққа қайтып оралуға, ақиқат жолдан таймауға уәде берген. Алайда, өзінің ғапылдығына сай ол уәдені ұмытуға бейім тұрады». Адам бұзылып, талабын себепке билетіп, құбылу арқылы ол бағытынан ажырап, түп мақсатынан айырылып қалуы мүмкін, оның соңы өліммен тең. Яғни, адамның шын рухани мақсатына жете алмауына соқтырады. Өз еркіне ие болу үшін, ындынды болмасқа салма, мақсұтыңды толмасқа таңба дейді. Оның бірден бір жолы «Нысап пен мейірім әділетті, жаныңдай көріп жан сақта, Ол жолда өлсек неміз кетті, Мақсұтқа жетпей қалсақ та» [1, 220 б.] деген ғұлама ғибраты адамның ұстанатын нақтылы өмірлік қағидаларын да анықтап береді.

«Дух этот, однако, не следует некоим образом уподоблять нашим так называемым умам. Наше мышление основывается на последовательных умозаклечениях и действует с помощью последовательных рассуждений, так что и сущее оно познает посредством последовательных умозаклечений, и хотя оно изначально содержит в себе сущее, но все же остается пустым до тех пор пока его не изучит.

Дух же совсем иной природы: он содержит все и он есть все, ... Дух – первая энергия Блага и первая его сущность; Благо пребывает недвижимо в самом себе, Дух же действует и как бы живет вокруг Блага. Душа, в свою очередь, находится вокруг Духа, как бы обтекающая его, и, всматриваясь в Дух, в глубинах его прозревает Благо» [5. 26 б.] деген Плотин тұжырымдарында Абайдың салқын ақыл немесе нұрлы ақыл дегендегі ұғымдарының ажыратылуын және Шәкәрімнің таза араққа балайтын рухани мастық хәлінде иеленетін, батини ілімге жеткізетін рухтың ақылын көреміз. Шәкәрім шығармашылығына тән басты ерекшеліктердің бірі, ол рухани танымның иррационалдық таныммен ұласатын, мистикалық көкейкөзбен бағамдайтын сырлы әлеміне бойлап, оның сырын астарлап поэзия тілінде жеткізумен қатар, шәкірттің ой-санасына сыйымды нақтылы ұстанымдарын жүйелі айқын ашық түрде анықтап дәлме-дәл ұғымдармен атап отыруды ұмытпайды.

Әдебиеттер

- 1 Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. – Алматы: Жібек жолы, 2006. – 524 б.
- 2 Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2006. – 624 б.
- 3 Кәкішұлы Т. Қаскөйлікті жеңген азамат // Шәкәрімтану мәселері: Сериялық ғылыми жинақ / «Атамекен» сериясы. – Алматы: Раритет, 2007. – 376 б.
- 4 Әбдилдин Ж. Алаш азаматтарының ақталуы // Шәкәрімтану мәселері: Сериялық ғылыми жинақ / «Атамекен» сериясы. – Алматы: Раритет, 2007. – 376 б.
- 5 Плотин. Эннеады. Составитель и редактор С.И. Еремеев «УЦИММ-ПРЕСС». – Киев, 1995. – 394 с.

References

- 1 Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. – Алматы: «Zhibek zholy» баспа үйі. 2006. – 524 б.
- 2 Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. – Алматы: «Zhibek zholy» баспа үйі, 2006. – 624 б.
- 3 Кәкішұлы Т. Қаскөйлікті жеңген азамат // Шәкәрімтану мәселері: Сериялық ғылыми жинақ / «Атамекен» сериясы. – Алматы: Раритет, 2007. – 376 б.
- 4 Әбдилдин Ж. Алаш азаматтарының ақталуы // Шәкәрімтану мәселері: Сериялық ғылыми жинақ / «Атамекен» сериясы. – Алматы: Раритет, 2007. – 376 б.
- 5 Плотин. Эннеады. Составитель и редактор С. И. Еремеев «UCIMM-PRESS». – Киев, 1995. – 394 с.

Резюме

Мейрманов А.Д., Ежембекова С.Б. Светлый разум – основа духовно-нравственного наследия Шакарима

В статье рассматриваются идеи Ш. Кудайбердиева о духовных и познавательных возможностях человека. На основе анализа поэтического наследия философа раскрываются размышления Шакарима об истине и воле. Автор подчеркивает, что главной целью мыслителя является воспитание в человеке «нұрлы ақыл» – светлого разума и совестливого сердца.

Summary

Meyrmanov A. D., Ezhembekova S. B. Light Mind is the Basis of Spiritually-Moral Heritage of Shakarim

The article discusses the idea of sh. Kudaiberdiyev on spiritual and cognitive abilities of the person. Based on the analysis of the poetic heritage of the philosopher reveals the reflections of teachers, students about the truth and will. The author emphasizes that the main goal of the thinker is to educate the man «Nurly akil» – light mind and a conscientious heart.

Затов Қ.А.,¹ Исмаил Н.О.²

^{1,2} Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ РАДИКАЛДЫҚ ИДЕЯЛАР МЕН ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ҚАЙНАРЛАРЫ МЕН СЕБЕПТЕРІ

Аннотация. Қазіргі таңда діни радикализм, экстремизм және терроризм ұғымы тек қана мұсылмандарға ғана қолданып жатыр. Соның арқасында Ислам діні жайлы дұрыс емес түсініктер бүкіл дүние жүзінде байқалып жатыр, сондай-ақ жалпы дүниежүзілік қоғам үшін де – ең маңызды мәселелердің бірі болуымен негізделеді. Соған байланысты сол себептердің қадан, қалай шығу жолдарын, себептерін қарастыруда. Бірақта, олардың әрекеттерін зерделеп қазіргі кезде түсіндіру әлем халқына қиын түсуде.

Түйін сөздер: ислам, діни радикализм, саясат, діни экстремизм, діни фанатизм, лаңкестік, зайырлылық, жихад.

Қазіргі таңда еліміздің әлеуеті артып, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларда жетістіктерге жетіп, әлемдік саясат алаңында беделінің өсуіне елдегі ішкі тыныштықтың ықпалы мол. Күн сайын түрлі елдердегі ұлтаралық, дінаралық алауыздықтар, түрлі лаңкестік әрекеттер мен діни экстремисттік топтардың әрекеттері орын алып отырған жағдайлармен салыстыра келе ел ішіндегі тыныштық еліміздің басты жетістіктері екендігін мойындауға болады.

Сонымен қатар, еліміздің қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің біріне айналып отырған діни экстремизм, діни лаңкестік секілді көріністер орын алып отырған мемлекеттермен шектесуі мемлекетіміздің аталған мәселеден оқшау қалмайтындығын көрсетеді.

Сол себепті, псевдоисламдық ағымдардың радикалды идеяларын, нақты нені көздейтінін ашып көрсету, оның алдын алу жұмыстарының негізгілерінің бірі болып табылады.

«Радикализм» латынның «radix» «түбір, тамыр» деген сөзінен шыққан. Термин саясатқа қатысты пайда болған. Радикализм қоғамда қалыптасқан әлеуметтік-саяси жүйемен келіспей оны түбірімен қайта жасауды ұсынушы – саяси топ. Сондай-ақ, діни радикализм өзге де «діни фундаментализм», «діни фанатизм», «дін экстремизм» секілді лаңкестік әрекеттерге қатысты қолданыла бастады. Радикализм терминінің дінге қатысты қолданыла бастауы қоғамда қалыптасқан жүйемен келіспейтін дін атын жамылған топтардың пайда болуымен байланысты пайда болды. Бұл термин діни

ағымдардың өз көзқарастарын жүзеге асыруда радикалды тәсілдерді қолдануға ұмтылыстары мен олардың діни идеологиясының да осы бағытта екендігін көрсету үшін айқындауыш термин ретінде қолданылды [1].

Экстремизм сөзінің мәні мен мағынасы. Дін – белгілі бір қауымның, ұлттың немесе тұтас халықтың ішкі рухани сұранысына жауап бере отырып, дүниетанымы мен өмірлік ұстанымын, сол халықтың салт-дәстүрін қалыптастыруда үлкен рөлге ие. Дін жекелеген адам өмірі мен тұтас қоғамды үйлестіре білуде маңызды функцияны атқарады.

Тарих қойнауына көз жіберсек археологиялық қазба жұмыстары көрсеткендей ерте дәуірлерде Тигр мен Ефрат, Ніл, Ганга, Хуанхэ өзендері мен аңғарлары бойын мекен еткен алып өркениеттердің қай қайсысында болмасын дінге деген сенім болған. Өмірдің бастамасы деп бір ел күнге табынса, енді келесі бір өркениет иелері отқа, табиғат пен тылсым құбылыстарға бағынған. Дегенмен әр ғасырлардың қоғам дамуының қай саласында болмасын өзіндік өзекті мәселелері де жоқ емес.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр саяси-әлеуметтік жағдайдың жақсарып, экономика мен жаңа технологияның қарыштап дамуы мен қатар, шешімін табуы тиіс өзіндік мәселелерге де толы. Сол өзекті мәселелердің бірі барша әлемді алаңдатып отырған, кез келген орта мен қоғамға үлкен қауіп төндіруден таймайтын экстремисттік ұйымдар және олардың қаруы күшті идеологиясы болып отыр.

Экстремизм (лат. *Extremus* – «шеткі») – адамның басқа түсініктерді, сенімдерді, дәстүрлер мен құндылықтарды қабылдамауға түрткі болатын белгілі бір сенімдер мен шектен тыс радикалды көзқарас жолын ұстануы [2].

«Экстремизм» сөзінің ең жақын синонимі «радикализм». Бұл сөз де жанама түрде мейлі дінде, мінез-құлықта, пікірде болсын, қалыпты, дұрыс деп қабылданған деңгейден ауытқу. Экстремизм жалпы түрде ешбір мөлшерді, тәртіпті мойындамайтын, өзінің шектен шыққан пікірі мен іс-әрекеттері арқылы ерекшеленген адамдарды білдіреді.

Экстремизм көріністері әр түрлі болғанымен оларға төмендегідей ортақ белгілер тән:

1. Діни экстремизм – мемлекеттік құрылымды өзгертуге бағытталған (билікті күшпен басып алу да бар) әрекет, мемлекеттің аумақтық тұтастығы мен егемендігін бұзу. Саяси мақсаттардың соңына түсу – діни экстремизмнен діни-саяси экстремизмді ажыратуға мүмкіндік береді.

2. Діни-саяси экстремизм діни жорамал, не ұрандармен көмкерілетін немесе тасаланатын саяси әрекеттің заңға қарсы түрі болып есептеледі.

3. Өздерінің мақсаттарына жету үшін күресудің күш қолданатын тәсілі – діни-саяси экстремизмнің ерекшелігінің қыры.

Діни-саяси экстремизм әлеуметтік-саяси мәселелерді шешу жолында келісімге, ымыраға келу, тіпті бітімгершіл мүмкіндіктерді теріске шығарады.

Діни-саяси экстремизмнің жақтастары, бірдей сенімдегілерді қосқанда, бұлардың саяси көзқарастарын ажыратпайтындардың бәріне қатынасы өрескел төзбестікпен айрықшаланады. Олар үшін ешқандай да «саяси ойын ережелері», рұқсат етілген мен етілмегенінің шекарасы болмайды. Мемлекеттік институттармен майдандасу – олардың мінез-құлқының стилі. Әлемдік діндер үшін, негізі қаланған болып табылатын «алтын аралық» пен «олар сенімен сондай қатынаста болатындай ету үшін, өзгелерге өзін қаламағандай қатынас жасама» деген қағидалар жоққа шығарылады. Олардың қоймасында бос сөздермен келіп тоғысатын күштеу, өрескел қаталдық пен озбырлыққа ұмтылушылық басты нәрселер болып табылады.

Сонымен, саяси ортада пайда болған экстремизм – саяси экстремизм, ал діни ортада пайда болған экстремизм – діни экстремизм деп аталады. ХХІ ғасырдың соңғы жылдарында діни ұғымдар мен сенімдерге негізделген діни экстремизм қанатын кең жайып келеді. Діни ілімнің кейбір қағидаларын бұрмалай отырып барынша өз мүдделеріне пайдалану діни экстремисттік топтар мен ұйымдарға тән қасиет.

Терең теологиялық тұрғыда талдауды қажет ететін кейбір діни сұрақтар мен мәселелер бойынша жіберілген қателіктер әлбетте бұрыс көзқарас пен ортаның қалыптасуына алып барары сөзсіз. Діни білім мен діни сананың төмендігі салдарынан белгілі бір адамдар тобынан діни экстремисттік ұйымдардың пайда болып, қоғамға зиянын тигізуге себеп болуда.

Экстремисттік ұйымдардың пайда болу алғы шарттары мен себептері. Қазақстан өз алдына дербес ел болып тәуелсіздігін алғаннан кейін саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайдан тыс халықтың бойында ішкі рухани сұраныс кеңістігі пайда болды. Бұл психологиялық жағдайдағы үрей, өкініш, қасірет, торығу сияқты эмоциялық қолайсыз сәттердің басым болуы өмірдегі келеңсіз жағдайлардан туындайды. Адам әлеуметтік дәрменсіздіктің салдары ретінде қабылданатын осындай кері эмоциялардан арылудың жолдарын іздейді және нәтижесінде дінге келеді. Сондықтан дінді зерттегенде адамдардың психологиясына; тұрмыс жағдайына, рухани дүниетанымы мен менталитетіне ерекше көңіл бөлінуі керек.

Қазақстан егеменді ел ретінде қалыптасу кезеңінен өтті және дүние-жүзілік қауымдастықтың толыққанды мүшесіне айналды. Егемендігіміздің қалыптасуы мен дамуы нәтижесінде еліміздің діни саласында көптеген өзгерістер орын алды.

Діни жағдай феноменінің негізгі ерекшелігі оның үздіксіз жаңаруы, тосын құбылыстардан көрініп отыруы. Діннің пайда болуы мен таралуының өзі әр қоғамда әр түрлі болады. Демек, бұл мәселені зерттеу де толассыз ізденісте болуы керек.

Діни экстремизм, негізінен, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауымен, халықтың тұрмыс жағдайы құлдыраумен, адамдардың

үкіметке және оның жүргізіп отырған саясатына риза болмаған жағдайларында, сонымен қатар адамдардың тіршілігіне әсер ететін моральдық-психологиялық факторлар орын алған жағдайда көрініс береді.

Діни экстремизм кез келген мемлекет тұтастығына сызат түсіріп отырған бірден-бір қауіпке айналып отыр. Еліміздегі діни экстремизмнің пайда болуы мен белең алуының себеп салдарларын бірнеше топқа бөлу арқылы анықтауға болады.

Біріншіден, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алу жылдарының басында мемлекетті нығайту үшін негізгі күш жігердің барлығы экономикалық әлеуетті арттыруға жұмсалды. Мемлекет халыққа дін мәселесі туралы нақты бағыт бағдар бермегендіктен қазақ халқы дін туралы мәліметтер мен діни уағыздарды әр түрлі діни ағымдар өкілдерінен сусындай бастады.

Екіншіден, Еліміз тәуелсіздігін ала салысымен діни сенім бостандығын жария етуі. Яғни, Қазақстан Республикасының ата заңының бірінші бабының бірінші тармағында көрсетілгендей Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары [3].

Бұндағы «Зайырлық» ұғымына тоқталар болсақ мемлекет пен діннің арақатынасын реттеудегі жіберілген негізгі себептердің бірі деп айтуға болады. Яғни, мемлекет діннің ісіне араласпауы арқылы осындай күйге түсіп отырғандығымыздың айғағы деуге болады.

Үшіншіден, Діни сауатсыздық пен діни мамандарды дайындау мәселесіне келетін болсақ, бұл салада да ақсап жатқан тұстарымыз баршылық. Діни білім аламын деген жастарымызды бейберекет шетелдерге мысалы діни радикализмге үндейтін Сауд-Арабиясы, БАӘ, Пәкстан секілді елдерге оқуға жіберілді. «Қай мемлекет қандай дінді ұстанады? Қандай діни оқу орнының ұстанымы біздің дәстүрлі діни сенімімізге сәйкес келеді ме?» деген мәселелерге көп көңіл аударылмау себебі.

Төртіншіден, әсіре діншілдер елімізге сырттан келіп әлденіп, әбден аяқтарына нық басып орнығып алғаннан кейін, дінде ұлтқа бөлінушіліктің болмайтынын насихаттап, елімізден діни космополиттік ортаны қалыптастырып жатқандығы аздай, енді құзырлы орындардың өзіне қарсы шығып жатқандығы белгілі.

Бесіншіден, халықаралық ланкестік пен діни экстремизм мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының аумағында ауыр қауіптердің бірі, яғни негізгі себептердің бірі заңсыз миграция мәселесі болып отыр. Өкінішке орай, Елімізде кейінгі жылдары өте жылдам көбейіп кеткен дәстүрлі емес бағдарын ұстанатын әр түрлі діни ағымдар мен орталықтары шетелде орналасқан саналуан секталар ішімізден іріту әрекетіне бет бұрып,

мемлекетіміздің саясаты мен біртұтастығына әлі де қауіп төндіруде екенін ұмытпауымыз керек.

Өкінішке орай, бүгінде Қазақстанда діни экстремизмнің ерекшеліктері айқындала түсуде. Қазір ислам дінінің ішіндегі тәуелсіздігімізге мойын ұсынбайтын, мемлекеттігімізге шүбә келтіретін, тәкфиршілер мен жиһадшылар, қазақтың салт-дәстүріне мұрын шүйіріп қарайтын уахабшылар, ұзақ жылдар бойына саналары коммунистік идеямен уланғандар «енді батыстың бұзақы догмаларымен бұзыла бастады» деп, өздерінің «исламды тазарту керек» деген әңгімелерін айтып жүр. Сөйтіп, олар қазақ халқы ұстанатын дәстүрлі ислам дініндегілердің бәрін «кәпірлер» қатарына қосып, олармен күресуге шақырады [4].

Діни экстремистер мен теріс пиғылды топтар мүшелерінің шынайы исламмен қиыспайтын жері – олар ислам тыйым салған көптеген әрекеттерге барады.

Ислам сөзін қазақшаға аударғанда «бейбітшілік» деген ұғымды білдірсе, әлгі топтардың әрекеті бейбітшілікпен еш жанаспайды. Пиғылы дұрыс емес діни ағымдарға дәстүрлі емес, деструктивті, экстремистік, радикалды, секта деп ат қойып, айдар тағып жүрміз. Олардың қай ағымдар екенін көзіқарақты оқырман біледі, бірқатарының әрекетіне заңмен тыйым салынды. Қандастарымыздың басқа діндерге өтуіне бірден-бір себеп – асыл дініміз Исламнан хабарсыздығы, түсініктерінің де таяздығы. Бұл ағымдардың қоғам үшін қауіптілігі сонда, олар өз қатарына жастарды, қалаға жұмыс іздеп келген ауыл жастары мен шоғырланып тұратын студенттерді көп тартады. Қатарына қосу үшін жастардың рухани және материалдық қажеттіліктерін, әлеуметтік қиыншылықтарын, сондай-ақ, ғибадаттар мен киімі, жүріс-тұрысы тәрізді діннің сыртқы формаларына деген қызығушылықтарын қанағаттандыра отырып, әрқилы тәсілдерді пайдаланады. Нәтижесінде өзін «жаңа мұсылман» сезінген неофиттің бойында тәкаппарлық пайда болып, бір апта бұрынғы өз достарынан, жалпы, қоғамнан, кейде тіпті өз отбасынан оқшаулана бастайды. Сондықтан кім жылы сөз айтса, жұмыссыздығын пайдаланып тиын-тебен ұсынса, алдына асыл мұрат қоя алмаған, табанды көзқарасы жоқ, өмір сынына шыдай алмайтын жеңіл ойлылар соның шылауында кете барады.

Сонымен, діни экстремизм – қоғамдағы дәстүрлі діннің құндылықтарын жоққа шығару. Дәстүрлі дінге жат «идеяны» белсенді насихаттау. Зайырлы қоғамға қарсы әрекет ету. Қоғамға белгілі бір діни конфессия бойынша өз түсініктері мен көзқарастарын насихаттау. Елде әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тіл және діни алауыздықты қоздыру және осы ерекшеліктер бойынша азаматтардың құқықтарын шектеуді мақсат етеді. Мұндай шектен шыққан экстремизм әр түрлі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, дінаралық жағдайдың ушығуына да себепкер болу-

да. Экстремистер қай діннің атынан белсенділік танытса, бәрінен де көп зиян шегетін сол дін. Олар адамдардың дінге деген құрметі мен сенімін өз мақсаттарына кеңінен пайдалана отырып, дін үшін әрекет етіп жүргендей көрінуге тырысады.

Діни экстремизммен бүкіл қоғам болып күресуіміз қажет. Жалпы, ұлт, дін, мемлекет ұғымдарын бөлшектемей, тұтас қарастыратын уақыт жеткен сияқты. Себебі, мемлекет және құқық теориясы ғылымында мемлекеттілік баянды болу үшін ең бастысы қоғамдық бірізділік сақталуы тиіс. Ал қоғамдық бірізділік сақталуы үшін қоғам бір ұлт пен бір діннің құндылықтарының төңірегіне топтасуы керек. Осылай болғанда ғана тұғыры нық, кеуделі мемлекет құра аламыз. Ал мықты мемлекеттік құрылым – ұлт пен діннің абыройының асқақтауының басты кепілі. Сондықтан, құндылықтарды бір-біріне қарсы қоюды доғарып, қайта тұтастықта қарастыруымыз шарт.

Осы орайда, еліміздегі діни экстремизмді болдырмау және оның алдын алу үшін шешуші қадамдар жасау қажет. Олардың ішінде мынадай жұмыстарды атқарған жөн: жастардың білімін жетілдіруге, мәдени өмірге, спортқа және бос уақытты өткізудің басқа да пайдалы түрлеріне қатысуына кең мүмкіндіктер жасау, еңбекпен және жұмыспен қамту саласындағы жастар үлесін арттыру, осыған орай жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің мониторингісін ұдайы жүргізіп отыру, жастардың баспана мәселесін шешуге көмек көрсету, қазақстандық қоғамдағы отбасы құндылықтарын дәріптеу, жас отбасыларды мемлекет тарапынан қолдауды күшейту, қазақстандағы қоғамдық жағдайды тұрақсыздандыруға тырысатын кез келген экстремистік көріністерге жастардың қарсы тұра білуі үшін ақпараттық алдын алу жұмыстарды күшейту, жасөспірімдер мен жастардың дін, ар-ұждан саласындағы біліміне қатысты сұрақтарына жауап іздеу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізу керек. Осы ұсыныстарды жүзеге асыру жолына мүдделі және уәкілетті барлық органдар мен ұйымдарды тарту қажет.

Елбасының «Сындарлы он жыл» атты кітабында Қазақстан халқының 70% мұсылмандар құрайтынын және сондықтан еліміздің имамдары ислам дінінің қағида ережелерін халыққа түсінікті етіп баяндауы тиіс яғни ислам діні де кез келген басқа да діндер сияқты терроризммен, діни экстремизммен және радикализммен ешқандай байланысы жоқ екендігін айтқан [5].

Осыған байланысты лаңкестік пен діни экстремизмге қарсы тұрудың тағы бір жолы – дін өкілдерінің сауаттылығын арттыра отырып, олардың уағызы арқылы өмірлік-дағдылық және идеологиялық плюрализмнің, толеранттылықтың, заңға мойынсынудың дінге жат емес екендігін, керісінше құпталатынын түсіндіру.

Имамдар жұма күнгі уағызбен шектелмей, көбірек эфирге де шыққаны абзал. Діни басқарманың қазақ және орыс тілдерінде шығатын «Azan.kz»,

«Muftyat.kz» сайттарының өзі орасан зор жұмыс жасап отырғаны белгілі, осындай жұмыстарды әліде болса белсене атқарған абзал.

Дінімізді бұрмалап әртүрлі жаңалықтарды енгізіп, дінімізден, тілімізден, ділімізден, мәдениетімізден, қазақты қазақ етіп көрсететін салт-дәстүрімізден, ұлттық құндылықтарымыздан айырып, халықтың арасында араздық, дұшпандық, жеккөрушілік, тасбауырлық тудырып, ынтымағынан, бірлігінен айырып ұмыттырғысы келгені, түрлі ағымдардың өте белсенді түрде жұмыс жасап жатқандығы – осының айғағы.

Сондықтан да бүгінгі таңда барлық қазақ халқы яғни көзі ашық көкірегі ояу барлық азаматтарымыз тәуелсіздігімізді, дінімізді, тілімізді, береке бірлігімізді әрбір сәт, әрбір минут қорғауымыз қажет.

Экстремисттік ұйымдар мен топтардың ислам дініндегі «жиһад» ұғымын қалай түсінетіндіктері жайлы талдау жасап көрсек.

«Жиһад» сөзі араб тілінде белгілі бір нәтижеге, мақсатқа жету үшін яки бір істі істеу үшін бар қажыр-қайрат пен ынта-жігерді жұмсау, тырысу, күресу деген мағыналарды білдіреді.

Жиһад ұғымының аясы өте ауқымды. Бүгінгі таңда көптеген адамдар жиһадты қару алып соғысу деп біржақты түсінеді. Әрине, мұндай түсінік жиһадтың мағынасын шектейді. Құранда «жиһад» сөзі 35 жерде аталғанымен, төрт жерде ғана тікелей соғыс мағынасында келген. Бірақ, жиһад сөзі соғысты да қамтығандықтан, көпшілік «жиһад» делінген кезде тікелей соғысты түсінеді.

Жиһад – ең әуелі өзінді түзету. Ішкі дүниенді, жүрегінді тазарту. Болмысынды қызғаншақтық, қанағатсыздық, сабырсыздық, жалқаулық, тәкаппарлық секілді күллі жаман қасиеттерден арылтып, олардың орнын көркем қасиеттер егу. Қысқасы, мұсылманның өз нәпсісімен үздіксіз күресі. Себебі, әуелі өз басын түзете алмаған адам, нәпсісін жеңіп, кемел адам болу жолына түспеген жан өзгені қалай тура жолға шақырмақ?! Сыртқы күрестен бұрын ішкі күресті қолға алудың маңыздылығы айтпаса да түсінікті. Себебі, адам өзінде жоқ нәрсені басқаға қалай бермек? Пайғамбарымыз (с.ғ.с) бірде соғыстан шаршап-шалдығып келе жатқан сахабаларына «Біз қазір кіші жиһадтан үлкен жиһадқа қайттық», – деген кезде, сахабалары: «Уа, Расулуллаһ, «үлкен жиһад» деген не?», – деп таңғала сауал қойды.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ол – өз нәпсіңмен күрес», – деп қысқа да нұсқа жауап қайырды. Міне, көрдіңіз бе! Неге? Өйткені, нәпсімен күрес қолға қару алып дұшпанмен соғысқаннан да қиын. Олай дейтініміз, сыртқы дұшпанның кім екені, қайда екені, қашанға дейін болатындығы белгілі. Сондықтан, онымен күресу оңай. Ал нәпсің болса, олай емес. Ол сенің ішінде. Қай жақтан, қалай келіп айласын асыратыны да белгісіз. Оның дұшпандығы белгілі бір уақытпен шектелмейді, әрдайым сенімен бірге. Міне, сондықтан пайғамбарымыз сыртқы дұшпанмен күресті «кіші жиһадқа» теңеп, нәпсімен күресті «үлкен жиһадқа» балаған [6].

Демографиялық статистикаға сүйенсек бүгінде Қазақстандағы 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың үлес салмағы халықтың жалпы санының 27,8%-ын, яғни 4,5 миллионнан астам адамды құрайды. Олардың 700 мыңнан астамы – студенттер. Бұл ретте ауылдық жерлердегі 46%-ды құрайтын жастарға қарағанда 56%-ды құрайтын қала жастарының саны көптеу.

Әлеуметтік тұрғыдан есею шағында жастар көбіне біз үшін жат ықпалды күштердің алдында әлсіздік танытады. Әсіресе жастар діни экстремизм мен терроризм субъектілері тарапынан жасалған идеологиялық шабуылдардың алдында қорғансыз болып келеді [7].

Ең әуелі кез-келген діни ұйым өздерінің ағетациялық жұмыстарын діннен хабары жоқ, яғни діни түсінігі төмен адамдардан бастайды. Олар кімдер? Олар әрине – жастар. Соның нәтижесінде экстремизм мен терроризм идеологтары дінді пайдаланып, діни шешендіктің ерекше әдістерін қолдана отырып, халықтың белгілі бір топтарының ой-санасына теріс ықпал ете білді. Көп жағдайда әлеуметтік белсенділігімен ерекшеленетін, идеологиялық ықпалға тез түсетін қоғамның ерекше тобы саналатын жастар теріс пиғылды діни насихаттық қызмет үшін ыңғайлы нысанаға айналды.

Дін қызметкерлері, имамдар және жалпы дін саласындағы беделді азаматтар жастарды рухани-адамгершіліктік тұрғыдан тәрбиелеуде елеулі рөл атқарады. Алайда қазіргі уақытта діни білім беру жүйесі бүгінгі күннің талаптарына және жастардың рухани сұраныстарына толық сәйкес келеді деп айта алмаймыз. Зәру сұрақтарға жауапты діннен іздеген жастар оларды мешіттерден, дін қызметкерлерінен әрдайым таба бермейді. Және де бір айта кететін жайт. Қазіргі уақытта жастардың көбі орыс тілді әдебиеттерді қазақ тілді әдебиеттерге қарағанда көбірек оқиды, тыңдайды. Осындай жастар мешіттерге барғанда, ондағы имам уағызын қазақша түсіндіреді. Оны дұрыс түсінбеген бала орыс тілді уағыздарды тыңдай бастайды. Осының арқасында бала біздің ата – дінімізге жат ағымдар құрсауына қалай кіріп кеткенін байқамай қаламыз. Бұл біріншіден, ал екіншіден: Мектептерде және жоғары білім ордаларының, қазір енді-енді кіргізіп жатқаны болмаса, көбісінде дінге қатысты сабақтар жоқ. Осыны қарастырып кем дегенде айына бір рет болса да жастардың дін қайраткерлерімен кездесуін ұйымдастырып, көкейлерінде тұрған сұрақтарға сауал алып тұрса басқа діндерге кіріп кету біраз азайған болар еді деген ойдамын.

Террорлық әрекеттердің пайда болуының тағы бір факторы ол – халықтың әлеуметтік жағдайы. Себебі жағдайы төмен халық ұрлыққа, зорлық-зомбылыққа және тағы бірі осы діни ұйымдарға еріп кетеді. Ол тек Ислами ұйымдарға ғана емес, ол басқа діндерге де қатысы бар. Негізінен олар біріншіден: діни сауаты төмен жастарды; екіншіден: жасы үлкен қарияларды; үшіншіден: хал-ауқаты жоғары, бір сөзбен айтқанда байларды өздеріне тартады.

Аталған шаралар нәтижесі, діни сауатты, өз дәстүрлі дінінің тарихы мен құндылықтарын, ұлттық діл мен тілді қастерлейтін саналы ұрпақ, салауатты қоғам тәрбиелеуге өз ықпалын тигізері сөзсіз.

Қазіргі таңда елімізде халықтың әсіресе, жастардың рухани-танымдық тәрбиесін, діни сауаттылығын арттыру маңыздылығы көпшілікті аландатуда. Қоғамның діни өмірінің тенденцияларын, діни ахуалды ескере отырып, оны жастарға жеткізіп отыру қажет. Ұлттық сипатқа айналған дәстүрлі Ислам мен дүниетанымымызға сырттан келіп, түзету жасағысы келгендерге жол бермеуіміз керек. Сол үшін қазіргі жаһандану заманында қоғамның тұтастығын көздеп, діни сауатсыздықтың алдын алу тек қана мемлекеттің емес, әрбір Қазақстан азаматының, зиялы қауымның, қоғамдық ұйымдардың да мойнына жүктелуі тиіс. Нағыз мұсылман адам жер бетінде арсыздыққа жол бермей, керісінше игілік және ізгілікке ұмтылуы тиіс [8].

Радикалды діни ағымдар идеологиясының таралуы бүгінгі таңда жаһандық деңгейдегі өзекті мәселелердің біріне айналды. Нигерия елінде «Боко Харам» лаңкестік ұйым мүшелері тарапынан әйел адамдар мен жас жеткіншектердің жиі қолды болуы, Сирия мен Ирак аймақтарында «қасиетті соғыс» ұранын ту етіп көтерген «жиһадшы» «ИГИШ» ұйымының террорлық актілері сынды ақпараттар легі күнделікті баспа және телевизиялық БАҚ-та, ақпараттық агенттіктер мен интернет-ресурстарында жиі жариялануда. Аталмыш діни-экстремистік, террорлық ұйым мүшелерінің өмірлік ұстанымына қолдау білдірген Түркия, Пәкістан, Ауғанстан, Еуропа, ТМД және тағы басқа сексеннен астам мемлекеттердің кейбір азаматтарының «жиһадқа» аттану фактілерінің жиі көрініс беруі – бұл феноменді терең де жан-жақты зерттеуді қажет етуде.

Бүгінгі таңда Таяу Шығыс елдерінде, яғни мұсылман әлемінде орын алған лаңкестік ұйымдар тарапынан жасалып жатқан қақтығыстар мен кескілескен ұрыстар негізінде діни радикалдық және саяси себептер де жоқ емес. Діни радикалдық идеология экстремистік, террорлық ұйымдарды қалыптастырудың негізгі «құнарлы топырағы» болса, діни экстремистік және террорлық актілердің жиі орын алуы өз кезегінде әлемде «исламофобия» түсінігін қалыптастырды. Бір феноменнің пайда болуы екінші бір феноменнің кең қанат жаюына түрткі болуда.

Кез келген дінді бір қырынан ғана танып, қатаң түрде ұстану салдарынан діни радикалдық көзқарастың пайда болатындығын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Мысалы, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде радикалды буддистер тарапынан басқа дін өкілдерін қыспаққа алу, әсіресе мұсылман қауымының мешіттерін, үй-жайларын өртеп, өздерін шет қақпайлау оқиғалары шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында жиі жариялануда. АҚШ елінде христиан дінінің бір тармағы болған протестанттық радикалды идеология әрекет етсе, Батыс Еуропа елдерінде католиктік

радикалды көзқарастар да жоқ емес. Қай дінде болсын діни радикалды идеологияның кез келген елдің қалыптасқан әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне, моральдық-рухани құндылықтарына, жалпы алғанда қоғамның бірлігі мен ынтымағына төндіретін қауіпі зор.

Елімізде діни радикалды көзқарасты ұстанушылар тобының пайда болуының бір-бірінен ажырамас бірнеше сыртқы және ішкі факторлары бар. Жетпіс жыл бойы Ресейдің бодандық саясаты салдарынан діни сауаты таязданған халқымыздың мәдени және діни, жалпы алғанда рухани құндылықтарға деген сұранысының артуы елімізде діни радикалды көзқарасты ұстанушы адамдар тобының қалыптасуына қолайлы жағдай тудырды. Бұл ішкі фактор – еліміз өз алдына тәуелсіздігін алғаннан кейін, белгілі бір жастар тобының өз беттерінше Пәкістан, Сауд Арабиясы және т.б. елдерде діни білім алып отанымызға оралуы, сонымен қатар діни сұрақтар мен мәселелерге жауап іздеушілердің радикалды идеологияны насихаттаушы интернет-сайттар мен бейне роликтердің арбауына түсуі сынды бірнеше сыртқы фактордың пайда болуына түрткі болды [8, 85-86 бб.].

Ислам дінінің парыздарын орындауға шын ықыласымен ниетті кейбір мұсылман бауырларымыз өздерінің теріс ағым жолына қалай кетіп қалғандарын аңғара алмай жатады. Радикалдық идеологияның кез келген түрі қоғам үшін аса қауіпті. Ол қоғамда ұлтаралық, дінаралық араздықты қоздырып, бірлік пен ынтымаққа нұқсан келтіреді. Рухани құндылықтар шетке ысырыла бастайды.

«Қазіргі заманғы мемлекет зайырлы болуы тиіс. Дәл сондай жағдайда елдің әлеуеті барынша тиімді жүзеге асырылатын болады. Халықаралық кез келген радикализммен, оның ішінде діни асыра сілтеушілік мемлекеттің даму қарқынын тежейді. Себебі біреу ғана. Радикализм қоғамның ешбір саласына пайда әкелмейді. Дамуды тежейтін, артқа тартатын құбылыс», – деген мемлекет басшысы әсіредіншілдіктің зияны қоғам үшін қауіпті екенін ескертті.

Елбасы экономикадағы радикализм ойластырылмаған авантюраларға әкеп соғатынын да айтты. Ал мәдениеттегі радикализм мыңдаған жылдар бойы халықтың рухани құндылығы болған салт-дәстүрге зиянын тигізбек.

Қазіргі кездегі көптеген радикалды-экстремисттік топтарда өткен ғасырдың 60-70 жж. радикалды топтардағыдай «біртіндеп» немесе «төменнен мұсылмандандыру» қағидасы қолданылмайды. Мұндай стратегия өз түсініктеріндегі «исламды» бірден орнату қағидасымен негізделеді. Зайырлы мемлекеттер үшін, оның ішінде Қазақстан үшін оның басты қатері де міне, осыдан туындап отыр [9].

Қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің кез келген көріністеріне және біздің азаматтарымыздың конституциялық құқықтарына қысым жасауды көздейтін әрекеттерге қарсы қатаң әрі дәйекті қарсы тұру қаралды. Қазақстан Республикасының басқару тәртіптері мемлекетіміздің Ата Заңы

Конституцияда белгіленгендіктен ол талаптар қоғамның әрбір мүшесі тарапынан орындалуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес – Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылған. Алайда көп жағдайда саяси мақсатқа жетудің жанкештілік жолын таңдаған мүдделі топтардың діни идеологияны өзі пайдасына икемдеуге болатындығы ақиқат. Олар үшін исламдық жиһад идеясы да осындай оңтайлы ұран болуда. Терроризмнің себебі ислам діні емес, ислам дінін мұсылман елдерінен шыққан экстремистік күштер пайдаланып, бүркемеленіп, әрекет жасайды. Батыстың дамыған елдері осы қағиданы дұрыс қабылдамаса, ислам өркениеті мен Батыс өркениетінің арасындағы шиеленістер мен дау-жанжалдар көбейе берді, – деген ой негізделеді.

Әдебиеттер

1 Экстремизм, терроризм және радикализм туралы пайымдау // <http://e-islam.kz/dini-radikalizm-qauipteri/item/866-eIslam>

2 Діни терминдер мен ұғымдардың анықтамалығы. – Астана: Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы, 2013. – 35 б.

3 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1-бап, 1 тар. – Алматы, 2011.

4 «Жас қазақ» газеті. – 2012, 17 тамыз. – № 31.

5 Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003. – 239 б.

6 Жиһад дегеніміз не? – Алматы: «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2011. – 20 б.

7 Дін істері агенттігінің төрағасы Қайрат Лама Шарифтың «Дін және жастар» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзі (Атырау қаласы, 12 сәуір 2013 жыл) // http://www.din.gov.kz/kaz/press-sluzhba/doklady_i_vystupleniya/?rid=688.

8 Поф. Никифоров Ф.М., Карагуйшев М.К. Проблемы свободы вероисповедания в Республике Казахстан // Сборник материалов республиканской конференции: «Религия, наука и СМИ: «Диалог и сотрудничество». – Астана, 2006. – С. 100-105.

9 Ерекешева Л.Г. К опыту изучения религиозной ситуации в Казахстане // Материалы международной конференции «Казахстанский опыт межнационального и межконфессионального согласия: предложения для ОБСЕ». – Алматы: КИСИ, 2009. – С. 143-150.

References

1 Jekstremizm, terrorism zhәне radikalizm turaly pajymdau // <http://e-islam.kz/dini-radikalizm-qauipteri/item/866-eIslam>

2 Dini terminder men ұғымдардың анықтамалығы. – Astana: Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы, 2013. – 35 б.

3 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1-бап, 1 тар. – Алматы, 2011.

4 «Zhas қазақ» газеті. – 2012, 17 тамыз. – № 31.

5 *Nazarbaev N.Ә.* Syndarly on zhyl. – Алматы: Атамұра, 2003. – 239 б.

6 Zhihad degenimiz ne? – Алматы: «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2011. – 20 б.

7 Din isteri agenttiginin төрағасы Қажрат Ләма Шарифтың «Din zhәне zhastar» atty respublikalyқ ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзі (Атырау қаласы, 12 сәуір 2013 жыл) // http://www.din.gov.kz/kaz/press-sluzhba/doklady_i_vystupleniya/?rid=688.

8 *Pof. Nikiforov F.M., Karagujshv M.K.* Problemy svobody veroispovedaniya v Respublike Kazahstan // Sbornik materialov respublikanskoj konferencii: «Religija, nauka i SMI: «Dialog i sotrudnichestvo». – Astana, 2006. – S. 100-105.

9 *Erekesheva L.G.* K opytu izuchenija religioznoj situacii v Kazahstane // Materialy mezhdunarodnoj konferencii «Kazahstanskij opyt mezhnacional'nogo i mezhkonal'nogo soglasija: predlozhenija dlja OBSE». – Алматы: KISI, 2009. – S. 143-150.

Резюме

Затов К.А., Исмаил Н.О. Истоки и причины сегодняшних радикальных идей и их следствия

В этой статье изложены исследования по поводу идей и действий религиозно радикальных групп на сегодняшний день, и причины их действия. А также, сделаны несколько религиозно-научных толкований и были проверены использованные материалы.

Summary

Zatov K.A., Ismail N.O. The Origins and Causes of Today's Radical Ideas and Effect

This article describes a study on the ideas and actions of religious radical groups for today, and the reasons for their action. Also made several Religious interpretation and the materials used have been checked.

Каирова Б.Е.

Актыбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова

СЕМАНТИКА КУЛЬТОВОЙ ТРАПЕЗЫ

Аннотация. В статье на основе анализа традиционной культуры выявлены особенности поминальных и традиционных обрядов, отражающие семантику культовой трапезы казахов и сформировавшегося религиозно-нравственного мировоззрения, утверждающее духовно-практическое отношение к окружающему миру.

Ключевые слова: Поминки, культовый обряд, святые покровители, ритуал, обрядовое угощение, функция, вещное и знаковое оформление.

Культура является продуктом истории, в котором утверждаются и передаются достижения народного опыта. Она реализуется в продуктах материального и духовного труда, в системе социальных норм. На каждом этапе развития общества культура функционирует как сложно-структурированное и многоплановое явление. Она включает все сферы формирования, проявления и материализации человеческих сущностных сил и его мировоззрения.

Семантическим ядром традиционного мировоззрения казахов являются понятия, сопровождаемые ритуальными обрядами и традициями. В них отсутствуют «простые вещи», сводимые к утилитарному, прагматическому использованию, но все, что окружает человека и служит ему, обнаруживает свой двойственный характер: все природные объекты, предметы быта, жилище, одежда, пища выполняют не только утилитарную функцию, но являются символами, требующими интерпретации и выражающими не только сопричастность к миру трансцендентному, невидимому, но социальные коды, организующие и коррелирующие связи и отношения людей согласно их полу, возрасту, степени родства, богатству, происхождению. Все это в свою очередь, можно отнести к отработанным социокультурным механизмам, таким как конфессиональные нормы и обязательства, этические требования.

Всякая конкретно-целесообразная общественная деятельность предписывается и оценивается культурой, и ценится как культура с точки зрения исполнения единого для всех людей и множества частных ситуаций. Признание закона – норм, принципов, идеалов, которые выступают как собственно моральные критерии, означает, что экономические, политические, идеологические и другие конкретные задачи не только не предопределяют

решения каждой отдельной нравственной проблемы, а напротив, способы и методы осуществления этих задач оцениваются моралью, с точки зрения критериев добра, справедливости, гуманности, честности [1].

Особое место в традиции казахов занимают поминовения, сопровождающиеся угощениями, которые устраивались у казахов на третий, седьмой, сороковой дни после смерти и через год, с неизменным присутствием молитвы, которые становятся семантическим ядром обыденного мировоззрения. Они являются обязательным долгом каждого, требующего особой ответственности выполнения. Дань памяти усопшим. Для пятничного дня ключевым семантическим ядром могут служить словосочетания жеті нан, садақа нан, ибо каждую пятницу в доме усопшего готовили семь тонких лепешек (жеті нан). Шесть лепешек отдавали в другие дома, а седьмую оставляли себе. Это называлось «садақа нан» (садақа – жертва, подаяние, нан – хлеб). По поверьям предков считается, что дух усопшего посещает свой дом и чувствует запах масла, являющегося признаком того, что его не забыли и желают того, чтобы его покровительство сохранялось. Поминки особый культовый обряд, сочетающий в себе и организацию проведения и обеспечения его надлежащими атрибутами.

Самые большие угощения устраивались на годовых поминках (жылы, ас). В день проведения таких поминок обязательно выполнялось жертвоприношение, то есть приносили в жертву животных (овец, лошадей, иногда коров, кроме верблюдов). Раньше каждый приезжающий на поминки привозил с собой кожаный сосуд с кумысом (саба) и жареных бауырсаков, видимо из чувства сопереживания и экономической поддержки. Возглавлял процессию ехавших на ас верблюдов, на которого навьючивали сосуд с кумысом (сосуд снабжался богатой орнаментированной мутовкой – піспек; верблюды покрывали дорогим ковром). За верблюдом ехали женщины, сзади мужчины, прибывавшие подъезжали, прежде всего, к юрте, где проходили поминки и приветствовали хозяев. Женщины оставались в этой юрте и рассаживались полукругом в передней части входа. Их угощали кумысом, который разливают в этом случае не сама хозяйка поминок (она сидит справа от гостей на женской половине юрты, как терпящая беду или скорбящая), а ее ближайшая родственница.

В традиционном быту казахов есть обряд, связанный с поминовением покойного. Называется он аруақтардың сыбаға асы (доля, надлежащая аруахам, т.е. святым) или же шеке беру. Шеке – половина черепа лошади, «беру» – глагол «давать». Этот обряд устраивается не сразу после забоя скота на зиму (соғым), а несколько позже. На эту трапезу приглашаются родственники, соседи, которые угощаются соғымом, но главным блюдом на этом приеме является голова (шеке) лошади. Важность данного блюда заключается в том, что при нем читается коран, адресованный покойному.

Необходимо отметить, что духовно-этическая ценность обрядов поминовения заключается в том, что они предназначаются аруахам, то есть, предкам-покровителям семьи, рода. Благополучие каждого зависело от покровительства аруаха. Для этого необходимо совершать добрые дела, помнить предков.

В рамках культурфилософского подхода сложившаяся система реальных и символических родственных связей определяет механизм адаптации человека к социальной среде, где традиция воспринимается как непосредственная коммуникация с предками, которых нет среди живых. Отражает древнее религиозное мировоззрение, основанное на вере покровительства добрых духов. Предки в нашей исторической памяти всегда ассоциируются с добрыми духами.

Мировоззренческая позиция людей характеризуется тем, что поминальные обряды проходили на высоком уровне сплоченности, внутренней слаженности, все действовали сообща, каждый стремился показать себя с хорошей стороны, проявлял отзывчивость, терпение, показывал свое отношение к происходящему и доказывал его помощью, скорбью. Поминки выступали своеобразной школой по формированию нравственности, где получают навыки и знания по выполнению обрядовых действий, регулированию отношений согласно принятым нормам, происходит сложение социокультурных отношений, основанных на историческом опыте, в котором мораль и нравственность выступают основополагающими дисциплинами.

Герменевтический метод раскрывает символические функции системы питания в традиционной казахской культуре, позволяет говорить не только о ритуальной, сакральной и этномаркирующих ее функциях, но и о функциях сближения людей, регулирующие отношения людей и способствующие формированию духовно-нравственных качеств.

Н. Шаханова в своей монографии «Мир традиционной культуры казахов», раскрывает область наиболее ритуализированных и обрядовых действий, связанных с пищей [2]. Автором охвачены важнейшие обряды жизненного цикла человека. Так, например, в работе уделено внимание основным функциям пищи в послеродовой период, которая предназначалась для поддержки силы роженицы и младенца.

Мы же хотим отметить нравственно-смысловую сторону этого обряда, формирующую обыденное мировоззрение человека. В нем мы находим проявления лучших человеческих качеств по отношению к роженице, находящейся в особых для жизни женщины условиях, для которой забота и любовь со стороны окружающих людей огромная морально-психологическая поддержка, позволяющие нам сделать вывод о том, что в традиционной культуре казахов изначально заложен антропоцентрический подход по сохранению благополучия и актуализации ценности самого человека. Ибо

сохранение жизни самого человека, его самочувствия и здоровья, необходимые показатели качества его жизни в будущем. Все что делается – все для человека. Немаловажным является и то, что здесь находит свое отражение огромный потенциал и функциональная роль рациональных народных знаний. Знание и соблюдение казахами определенных норм пищевого режима обеспечивало здоровье матери и ребенка. Любовь и внимание к новорожденному и его матери воспринималось как должное проявление добродетельности к человеку в целом. Проявляя заботу о женщине и младенце, ее поили горячим молоком, смешанным с толокном из пшеницы или джугери (кукуруза) и с добавлением сливочного масла (қара быламық) или же просто коровьим или овечьим молоком, прокипяченным со сливочным маслом (на 1 объем молока – ½ объема масла; это блюдо называлось тосап). Специально для нее готовили блюдо, состоящее из растопленного сливочного масла (10–15 шариков құрта, приготовленного из кисломолочного продукта, на 1 пиалу среднего объема сливочного масла), что непременно оказывало свое благотворное влияние на качество материнского молока и ее состоянию здоровья. Это обеспечивало благополучие и рост ребенка.

Рождение нового члена семьи отмечалось, прежде всего, обрядовым угощением, которое называлось қалжа, в честь женщины–роженицы. Это празднество являлось специфически женским: приглашались родственницы роженицы, соседки, преимущественно сверстницы, женщины одной с ней возрастной группы. Сразу же после рождения ребенка резали молодую овцу, которая в этом случае называлась қалжа қой. Этимологически слово «қалжа» связано с глаголом «қалжырау» – обессилить, сильно утомиться. Эта трапеза устраивается для восстановления сил роженицы, которая «қалжырап қалады», т.е. лишается сил и нуждается в хорошем калорийном питании.

Свою ритуальную функцию выполняла пища и при изменении положения человека в системе родства. Так, например, усыновление объявлялось при свидетелях и непременным его атрибутом было заклание животного, чаще всего овцы. Устраивали той, приглашали муллу. Во время трапезы, один из присутствующих аксакалов вручал большую берцовую кость «асық жілік» усыновляемому ребенку. Мальчик, показав кость присутствующим, должен был съесть мясо с кости и тщательно обглодать ее, возможно принимая этот обряд он также подтверждал свое согласие на усыновление. Если происходило удочерение, девочке давали другую кость – плечевую (тоқпан жілік) [2, с. 79]. Очевидно, использование этого ритуального обряда основано на вере в то, что в нем заключается некая сила сближения людей, устанавливающая необходимые отношения между людьми, которые являются символом закрепления особых прав на родство. В данном случае кость выступает как предмет, который имеет некую сакральную силу

(предмет фетиша). В морально-психологическом отношении традиционные обряды воздействуют на эмоции и чувства, вызывая тем самым сопереживание, сочувствие, закрепляя их в сознании людей. Но самое главное, на протяжении всей истории развития народа традиции наполняются нравственным содержанием, базируются на нормах справедливости и выступают как общественные требования, как кодекс отношений. Следуя которым, объединяются люди разных поколений, сближаются на основе общих чувств и переживаний.

Анализируя эти традиционные для казахского общества обрядовые действия, необходимо отметить, что их духовно–практическая значимость заключается именно в том, что в центре внимания стоит благополучие человека и его отношение к окружающей действительности, что немаловажно для формирования мировоззрения. Оно сыграет свою позитивную роль в дальнейшей жизни человека, и отразится не только в потребности общения, но и желания создания предпосылок совершению добрых поступков, способствующие утверждению ценности благих намерений во имя человека. Таким образом, представленный Н. Шахановой комплекс ритуальных действий, связанный с приемом пищи, рассматривается нами как духовно–практическое освоение мира, раскрывающее сложную картину межличностных отношений, связанных с рождением и жизнью человека, утверждается как сущностное проявление характерных человеческих добродетельных качеств: любви, добра, долга, чувства. Многоплановая организация жизни, имеющая богатое вещное и знаковое оформление показывает на особый характер и нрав народа, что свидетельствует история философии культуры, которая и характеризуется социокультурной связью традиционного общества, прежде всего, кровнородственной, природной, жизненной. И культовая трапеза может являться семантическим ядром ценностно-смыслового мировоззрения казахов.

Ценностно-смысловое единство культуры и культовых обрядов отражает духовно-практическое освоение окружающей действительности. В содержании традиционных культовых обрядов находят отражение ранние религиозные представления народа как анимизм, тотемизм, фетишизм, сплетенные в целостное мировосприятие народа. В целом культовые обряды подтверждают, что формирование целостного культурологического мировоззрения казахов в рамках национальной традиции сохраняются. Традиционные обряды сохраняют нити преемственности, способствующие передаче тех духовно-нравственных ценностей, которые необходимы для сохранения и поддержания межпоколенной связи.

Литература

- 1 Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов. – Алматы, 1998. – С. 184.
- 2 Каирова Б. Ценности казахской культуры. – Алматы, 2007. – С. 250.

References

- 1 *Shahanova N.* Mir tradicionnoj kul'tury kazahov. – Almaty, 1998. – S. 184.
- 2 *Kairova B.* Cennosti kazkhaskoj kul'tury. – Almaty, 2007. – S. 250.

Түйін

Каирова Б.Е. Ас беру рәмізінің семантикасы

Мақалада автор дәстүрлі қазақ мәдениетінің бір қыры діни-ізгіліктілік дүниетанымның қалыптасуы негізінде орын алған әдеттегі салт-жоралғылар әдебінің адами қалыптардың ас беру (садақа) рәсімдер көрінісінде сақталуы мәнін талдаған және оның маңыздылығына ізгіліктік тұрғыдан назар аударған.

Summary

Kairova B.E. Semantic of Cult Meal

In the article on the basis of analysis of cult meal's moral sides of Kazakhs was paid attention to ceremonial and mention traditions of Kazakhs, being the reflection of the Kazakh culture and formed religious world view, that was the basis of norm of the man's behavior.



Ержан Қ.,¹ Базылхан Е.²

^{1,2} Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

ЖИҒАДШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ КӨРІНІСТЕРІ

Аннотация. Ағысы ширақ біздің заманымызда кез-келген мәселенің себеп-салдарын, ықпал-зарарын салмақтап, байыбына барып, өзегін табу уақыт оздырмайтын міндет. Жоғары ақпараттық технологиялар оза шапқан біздің заманымызда кез-келген олқылықтың насыры мемлекетімізге, қоғамымызға зиянын тигізуі ықтимал. Осы ретте білікті мамандардың сауатты зерттеу жұмыстары жоғары сұранысқа ие екені даусыз.

Қазіргі заман уақытындағы діни радикалдық ұйымдардың дерлік барлығы жиһад ұғымына тікелей не жанама қатысы болғандықтан жиһад төңірегіндегі мәселелерді зерттеудің тек ғылыми ғана емес, мемлекеттік-саяси маңызы да орасан зор.

Мақалада қазіргі әлемдегі және еліміздегі жиһадшылдық, діни экстремизм, терроризм, радикализм сынды мәселелердің сабақтастығы мен байланысын, өзектілігін, айырмашылығын айшықтап, қоғамымызға қандай кесірлері мен зардаптары барын, әсіресе жастар арасындағы байланысы мен себептерін, және оның қалай алдын алу шаралары мен ұсыныстарын болжау, олардың арасынан қазіргі әлеуметтік контекстегі жиһад концепциясына жете де жеке тоқталу және шешімдер ұсынылды.

Түйін сөздер: Экстремизм, терроризм, жихадшылдық, ишим.

Исламдағы орын алған соғыс үкімінің Алла Тағала тарапынан рұқсат етілуі сол замандағы мұсылмандарға қатты жәбір көрсеткен Меккелік мүшріктердің шабуылын қайтару, жаудан өзі мен өзінің ар-намысын, отбасын, дүние-мүлкін сақтап қалу мақсатымен байланысты болған. Сира тарихынан зерделеп қарасақ, діннің таралған бастапқы 15 жыл кезеңінде алғашқы мұсылмандар Мекке мүшріктерінен көрмеген қорлықты көрді. Алайда, Мұхаммед пайғамбардың алғашқы ізбасарлары – саңлақ сахабалар олардан қаншалықты жәбір көргендігіне қарамастан сабыр ете біліп, кешіріммен қарады. Әлбетте, олар да талай ашынып Мұхаммед пайғамбардың алдына барып қарсы шабуылға шығуға рұқсат сұраған, алайда Алланың әмірі – сабыр ету, кешіріммен қарау еді. Ызаға булығып, әділетсіздікке ашына келген талай сахабасын Пайғамбар сабырға шақырып, сабасына түсірді. Пайғамбардың осы әрекеттерінен-ақ исламның бейбіт, барынша соғыс қаламайтын дін екенін аңғаруға болады.

Дегенмен, күн өткен сайын ислам дұшпандарының әрекеттері шектен шығып, еш арнаға сыймай бара жатты. Тіпті, хижрет жасап Мединеге көшіп кеткен меккелік мұсылмандардың дүние-мүлкін басқа қалаларға апарып сатуға жолға аттанған кездерінде де мұсылмандар бейбіт түрде өздеріне тиесілі дүниесін ғана қайтармақ еді. Бірақ ол келісімге келісе кететін жан байқалмады, сөйтіп, «Хаж» сүресінің 39-40 – аяттары түсіп: *«Өздеріне қарсы соғыс ашылған мұсылмандарға (мүшріктермен) соғысуға рұқсат берілді. Өйткені, олар зұлымдыққа ұшырап, жәбір көрді. Әлбетте, Алла Тағала оларға жәрдем беруге толық күші жетеді. Олар ешбір себепсіз тек «Рабымыз Алла» дегені үшін отандарынан қуылды...»*, осылайша алғашқы мұсылмандар соғысуға алғаш рет рұқсат алды.

Алайда, ары қарай соғысуды тоқтатып, бейбітшілік ниетін аңғартқан дұшпанға соғысуды дереу доғару үкімі түседі, яғни кекшілдікке ұрынып, жағдайды одан әрмен ушықтыруға дінімізде шек қойылған. Яғни, өздеріне жәбір көрсетіп, түрлі қиыншылықтарға душар етіп, атамекенінен қуып, дүние-мүлкін талан-таражға салған мүшріктермен соғысуға тек он бес жылдан кейін ғана рұқсат берілді. Бұдан исламның бейбітшілікті негіз ететінін аңғарамыз. Құранда: *«Егер олар сендерден бейбіт тұруды ұсынса, онда Алла Тағала сендердің оларға шабуыл жасауларыңа ешқандай жол бермеді»* («Ниса» сүресі, 90-аят), – деген.

Керісінше, барынша көркем-мінез көрсетіп, жақсылық жасап, әділетті болуға үндейді. *«Дін турасында сендермен соғыспаған, әрі сендерді өз отандарыңнан қумаған адамдарға жақсылық жасауларыңа және оларға әділетті болуларыңа Алла Тағала қарсы емес. Өйткені, Алла Тағала әділеттілік жасағандарды жақсы көреді»* («Мумтахана» сүресі, 7-аят).

Мұхаммед пайғамбар соғысқа аттанып бара жатқан әскербасыларына төмендегідей қатаң ескерту жасап, мінсіз қадағалануын міндеттеген: *«Алланың атымен жолға шығындар. Алла жолында күресіндер. Соғысатын адамдармен араларыңда келісім бар болса, оны сақтаңдар. Шектен шықпаңдар, соғыс кезінде өлтірген адамдарға «мүслә» (өлі денелерін тілгілеп, көздерін ойып, мұрындарын кесу) жасамаңдар. Балаларды, әйелдерді, қарт кісілерді, ғибадатханалардағы адамдарды өлтірмеңдер»*. Тіпті жараланған жау әскерлерінің өзіне көмек көрсетуді бұйырып, ағаштарды, егін алқаптарын өртеуге тыйым салған. Ислам дінінің бұл дәстүрін Пайғамбардан кейін келген халифалар мен басшылар да қатаң ұстанып келді» [1].

Әдейі, қасақана қан төгуге Жаратушы тарапынан ақырет күнінде қатаң сұралатын жаза бар. Адамды нақақсыздан өлтіруге тыйым салынған төмендегідей Құран аяттары бар:

– *«Әй мүміндер! Өзара малдарыңды бұзықтықпен жемеңдер. Бірақ өз ризалықтарымен саудаласу басқа. Және бір-біріңді өлтірмеңдер. Расында Алла сендерге ерекше мейірімді»* («Ниса» сүресі, 29-аят)

– «Соның салдарынан Израил ұрпақтарына: Кім кісі өлтірмеген немесе жер жүзінде бұзақылық қылмаған біреуді өлтірсе, сонда шынайы түрде барлық адамды өлтіргенмен және кім оны тірілтсе (өлімнен құтқарса) барлық адамды тірілткенмен тең деп жаздық. Расында оларға елшілеріміз ашық дәлелдермен келді. Бірақ содан кейін де олардың көбісі жер жүзінде шектен шығушылар болды» («әл-Маида» сүресі, 32-аят).

– «Бір мүміннің бір мүмінді өлтіруіне болмайды» («Ниса» сүресі 92-аят).

– «Алла өлтіруге тыйым салған адамды өлтірмеңдер!» («Исра» сүресі, 33-аят)

Қорыта айтқанда, соғыс – келісімге келуге мүмкін болған барлық іс-шаралардың іске аспай, дипломатиялық жолдардың тығырыққа тіреліп, басқа жолы қалмағандағы ең соңында қолдануға рұқсат етілген әрекет.

Мұсылмандардың қарасы көбейіп, күшейген тұстарында көршілес орын тепкен иудей мен христиандармен дипломатиялық қарым-қатынастар орнату керек болды. Құрандағы оларға қатысты келесі аяттарды: «*Иудейлер мен христиандарды дос тұтпаңдар*» («Мәйдә» сүресі, 51-аят) және «*Мұсылмандардан басқаларды сырлас етпеңдер!*» («Әли Имран» сүресі, 118-аят) қазіргі заман лаңкестері тікелей мағынасында қабылдап бағуда. Алайда, осы аяттарға қатысты ғалымдардың түсіндірмелерін қарасақ: «өткен кезеңдерде кейбір христиан мен иудейдің ап-анық ақиқатқа қарсы келіп, тіресіп, қырсыққаны үшін Құран жүгінген тәсілді бүгінгі бүкіл иудей, христиандар үшін де дәл солай қолдану керек деген талап жоқ.

Келесі кезекте жиһадшылдықтың тарихын таразыласақ, діни сауаты жоқ тараптардың бүгінде Құрандағы «жиһад» терминін саясиландырып отырғандығын аңғару қиын емес. Жиһадшылдыққа жаңадан елігіп жүргендердің теориясына сәйкес бүкіл әлем «ислам аумағы» және «соғыс аумағы» болып бөлінген. Біріншісіне мұсылмандар билігіндегі елдер, ал екіншісіне «дінсіз» билеушілер басқаратын елдер енеді. Жиһадшылардың сенімі бойынша «дәрул ислам» «дәрул харбпен» үнемі соғыс жағдайында болуы тиіс.

Сонымен қатар, радикалды көзқарастардағы кейбір идеологтар «бейбіт келісімдегі аумақ» (дәрул сулх) деген санаттағы тағы бір аумақты бөліп көрсетеді. Бұл мұсылмандарға тиесілі емес және олар билік жүргізбейтін жерлер, бірақ оның билеушілері өздерін мұсылман мемлекеттерінің боданы санауға және сол үшін белгілі бір мөлшерде салық төлеуге міндетті. Радикалдар, экстремистер мен террористердің түсінігінше, мұндай «жаһил» (надан) қоғаммен Қиямет қайымға дейін талмай күрес жүргізу керек. Осы үшін олар өздерінше түсіндірілген «жиһад» ұғымын қолданады.

Дегенмен, ислам дінінде «қасиетті соғыс» ұғымы жоқ екендігі белгілі. Бұған қоса, батыстықтардың жиһадты «қасиетті соғыс» (holy war) ретінде

кабылдап, «мұсылмандар қанша кәпір өлтірсе, сонша сауапқа кенелеміз деп сенеді» дегені де қате пікір. Жиһад сенімдер немесе діндердің соғысы емес. Өйткені исламда әр адамға сенім еркіндігі берілген. Бұл турасында құранда Алла Тағала былай дейді: «*Былай де: Ақиқат Раббыңнан келген. Ендігі жерде қалаған адам иман етсін, қаламаған адам мойындамасын*» («Кәһф» сүресі, 29-аят). Бұл жерде үлкен қателіктің бірі «жиһад» ұғымын өзіне тән кең мағынасында түсінбей, тек соғысу деген тар аясында қабылдауда жатыр.

Жиһадшылдық, жиһадшылар деген сөздер әдетте лаңкестік, яғни террористік, террорист деген ұғымдармен қосарлана жүргендіктен, жалпы терроризм дегеніміз не, қайдан шықты, қалай дамыды деген сұрақтарға жауап іздеген жөн. Яғни, негізгі мақсат – лаңкестіктің тамырына балта шабу, өз кезегінде лаңкестердің мақсаты не? Біздің жағдайымызда лаңкестік жиһадшылдықпен тікелей байланысты болып отыр.

Бүгінгі таңда террористің түпсіз түтіні шалмаған мемлекет шамалы. Өзінің жойқын күштерімен басқа-басқа, атап айтсақ, жаппай қырып жою қару-жарақтарын тарату, есірткі қаупі, экологиялық апаттар, аштық, кедейлік сияқты ірі-ірі мәселелердің алдын оза тұрған лаңкестік проблемасының ушығуының себебі неде?

Елбасымыз айтып өткендей «терроризм әлсіздердің қаруы, алайда бұл орасан қаупі бар мықты қару екенін де мойындауымыз керек» [2]. Әлсіздің күші ол деструктивті болса – максималды көрсеткішке ие. Ертеректе аздаған күштер де тарих барысын өзгертіп жіберетін баскесерлік іс-әрекеттер істей алған, бірақ ешқашан дәл қазіргідей дүниені дүр сілкіндіре алмаған.

Аталмыш сөздің этимологиясына тоқталсақ, терроризм латын сөзінен аударғанда «terror» – «үрей», «қорқыныш» дегенді білдіреді, мағынасы – үкімет бағытын өзгерту немесе азаматтық тұрғындарды қорқыту және саяси, яки әлеуметтік мақсатқа жету жолында тұлғаларға немесе иеліктерге мемлекеттік емес тұрғыдан зорлық-зомбылық қаупі немесе зорлық-зомбылықты заңсыз қолдану (адам өлтіру, жарылыстар, ұшақтарды немесе ғимараттарды басып алу, адамдарды тұтқынға алу және т.б.). Әлбетте, бұл терроризм сөзіне берілген көптеген анықтамалардың бірі ғана.

Жиһадшылдық қозғалыс пен бүліктер көп қырлы үнемі даму, өзгеріс үстіндегі құбылыс болғандықтан оны түп-тамырымен жұлып алатын дайын шаралар жоқ, оған қоса адамзат болғалы жақсылық пен жамандық қоса жүреді емес пе?! Адам баласы сонау ықылым заманнан бастап әділетсіздікке, құлдыққа, кедейшілікке, зорлық-зомбылыққа қарсы күресін әлі де жүргізіп келеді, және оның тоқтар нүктесінің бар екеніне сенім селкеу. Бірақ, бұл дегеніміз қол қусырып қарап отыру керек деген сөз емес, керісінше күрес ең белсенді, ең ауқымды, жан-жақты, сауатты түрде жүргізілуі керек. Оған қоса қазіргі заманның ақпаратты-технологиялық мүмкіндіктері террорист-

терге де жолдарын ашып отыр, мысалы ғаламтор арқылы жер бір шетінде отырып-ақ әлемнің түкпір-түкпірінен өз қатарларын қоюлатуда.

Жалпы терроризм анықтамасына мемлекеттік, мемлекетаралық және заңды дәрежеде ортақ та, бірегей түсініктеме, яки жүйелі анықтама болмағандықтан террористік топтарды заң алдында жауапқа тартуда немесе халықаралық қарым-қатынастарды көп дау-дамай, шикілік туғызып жатады.

Жалпылай алғанда саяси терминдер динамикалық сипатқа ие. Қоғамдық жүйенің даму барысына ұғымдар да белгілі бір даму сатысынан өтеді. «Террор» ұғымы 1789 жылғы француз революциясы кезеңінде саяси-идеологиялық мәнге ие бола бастады. Революциядан кейін Робеспьер жетекшілігінде якобиндер «террор режимі» (1793-1794) деп аталатын саяси жүйе құрғаны тарихтан мәлім. Якобиндер радикалды, төңкерісшіл ұсақ буржуазия өкілдері болатын. Олар конвенция мәжілісіне үстемдік құрып, басқа партиялар мен ұйымдарды жаппай қырып-жойып, үрей мен қорқыныш режимін орнатады. Якобиндер кішігірім топ болғанына қарамастан барлық саяси билікті өз қолдарына шоғырландырып, республикалық басқару жүйесін орнықтыру үшін монархистерді қатыгездікпен езіп-жаныштады. Осылайша тарихта алғаш рет террор сөзі белгілі бір саяси мән иеленіп, қолданысқа түсті» [3].

Якобиндер құрған «террор режимі» бұқара халықтың ақсүйектерден кек қайтаруының дәрежесі, қатыгез формасы еді. Батыс елдерінде XVIII-XIX ғасырларда террорлық әрекетті тәсіл ретінде қолданған көптеген төңкерісшіл саяси ағымдар пайда болды. Кейіннен Франция мен басқа да Еуропа елдерінде де кішігірім төңкерісшіл террорлық ұйымдар билікке қарсы белсенді іс-қимылдарды жүзеге асыра бастады. Террорға негізделген саяси күрес тәсілі негізінен алғанда XIX ғасырдың соңына қарай Патшалық Ресейде қарқындап дамыды. Патшалық билікпен күресу үшін террорлық әрекеттерді төңкерісшіл күрес тәсілі ретінде негіздеген радикалды орыс интеллигенттері «Народная воля» атты террорлық ұйым құрады. Аталған ұйым 1879 жылы таратқан үндеуінде террорға қатысты ұстанымдарын төмендегідей тұжырымдайды: «билік басында күш қолданып, қатыгездік жасайтын негізгі лауазымды тұлғаларды жазалап отыруды мақсат еткен террорлық әрекеттеріміз басқару билігінің беделін түсіруді, билікке қарсы күресудің мүмкін екеніне халықтың көзін жеткізуді, осылайша халықтың төңкерісшіл рухын жандандыруды, осы күрестің жеңіске жету мүмкіндігі бар екеніне деген сенімді нығайтуды, арнайы оқу-жаттығудан өткен күрескер күштерді жүйелеп, бағыттап отыруды мақсат тұтады» [3].

Терроризм Ежелгі Грекия заманында-ақ бой көтеріп бүгінгі күнге дейін бар болып, және болары да болжауды қажет етпейді. Жалпы террорлық іс-әрекеттер қатардағы қарапайым жекелеген адамдардың да, билік тұтқасын ұстаған басшылардың да қолынан келеді және тарихтан оған мыңдаған

дәлелдер табу еш қиынға соқпайды. Дегенмен біздің келесі тоқталғымыз келіп отырғаны «діни экстремизм» оның ішінде айтуға еш негізсіз болса да, бұқаралық ақпарат құралдарында жаңғыра жар салынып жүрген «ислам экстремизмі», оның ішінде жихадшылдық тақырыбы.

Өткен ғасырдағы террорлық іс-әрекеттер мен террористік бас көтерулердің себеп-салдары, мақсаты, талаптары, стратегиялары сан түрлі болып келеді. Алайда, XX ғасыр соңы – XXI ғасыр басында терроризм тарихында жаңа беттер ашылды. Сахнаға шыққан террористік пен экстремистік топтардың, ұйымдардың идеологиясының негізін ең алдымен діни негіз, діни мотивация құрады. Мұндай топтар күн санап өсіп, террористік ұйымдардың жалпы үлесінен алатын орны артып келеді. «Мысалы, 1994 жылы 49 белгілі террористік ұйымдардың 16-сы, яғни үштен бір бөлігі діни негізі, қатысы бар деп табылса, 1995 жылы 56 топтың өз кезегінде 26-сы, яғни 46 пайызы дінмен байланысы бар топтар құрады» [4].

Осылардың ішінен дүниенің әр бұрышынан әсіресе Ислам дініне қатысы бар түрлі экстремистік, террористік топтардың тіптен баса көктеп, кеңінен құлаш сермегені баршаға аян.

Таяу Шығыс, әлбетте, белгілі бір кезеңдерде түрлі топтардың террористік белсенділік шоғыры болды. Палестинаның араб халқы атынан іс-әрекеттерін жүзеге асырып жүрген ұлт-азаттық қозғалыстардан ақыр соңында исламдық терроризмнің бастары пайда бола бастады. Атап айтсақ, Палестинадағы «Хамас» пен Ливандағы «Хезболла». Кейбір мұсылмандар мен «исламдық ұйымдардың» исламды лаңкестік діни ретінде түсінулерін исламнан емес, адамдардың қате пайымдарынан және басқа да себептерден іздеу керек. Одан да ертерек пайда болған радикалды және экстремистік ұйымдардан «Мұсылман бауырларды» атап айтуға болады.

Бүгінде біз дін үшін жасалып отырған терроризм – саяси зорлық-зомбылықтың көшбасшы моделіне айналғанына куә болып отырмыз. Ол жалғыз модель емес екені түсінікті, ұлтшылдық пен идеология әлі де болса экстремистік іс-әрекеттің айтарлықтай қозғаушы күші болып отыр. Дегенмен, діни экстремизм жаһан қоғамына орталық мәселесіне айналды.

Егер де саяси зорлық-зомбылық пен діни сенім ұштаса біткен жағдай болса, онда тигізер зарары тым қауіпті болары сөзсіз. Діни мотивациясы бар терроризм әлдеқайда қауіпті, әлдеқайда жойқын болып келеді. Ол өзінің қырып жою жолында аса қатыгез болып, әрі бейберекет бассыздыққа жақын.

Оған дәлел ретінде 1995-2005 жылдар аралығындағы бас аяғы айналдырған он жыл ішіндегі террорлық актілер мен басып-жаншулар тізімін бір шолып өтсеңіз жеткілікті. Қалың бұқара, қарапайым бейбіт тұрғындар шоғырланған метро, әуежай, ұшақтар, сауда-демалыс орындары, кемелер, дипломатиялық өкілдер орналасқан мекен-жайлар, тіпті мектептер

мен балаларға дейін аяусыз жәбір көрсетіп, қырып жойған экстремистердің алға тартып, ақталып айтқаны – дінім үшін дейді.

Осы тізімнің ішінде 2001 жылы қыркүйекте болған Америка Құрама Штаттарындағы аса ірі сауда орталығының егіз ғимаратына қатысты жасалған теракт сериялары сөз жоқ көш басында тұр. Бұған аты шулы «Аль-Каида» ұйымы айыпталғаны да мәлім. Дегенмен, нақ осы теракт талайлардың тартысын тудырғаны белгілі. Бүгінгі күнге дейін жаңа-жаңа жақтары ашылып, әр түрлі тұжырымдар айтылуда, біреулер оны батыстың өз қолынан шыққан күйтырқы әрекет деп пайымдаса, енді біреулер барып тұрған исламистік террористердің істегені деп сендіреді. Астарлы ақиқаты ажыратылып, ақ-қарасы ашылып, нақты қорытынды соңғы нүктесі қойылмағанымен, шоқ болып тұтанып жатқан ислам экстремизміне қатысты дау-дамай осы қыркүйек оқиғасынан кейін лап ете қалды. Қалың жұртшылық арасындағы бейбіт мұсылмандардың өміріне зияны тиіп, қоғамдағы көзқарастар шиеленісе түсті.

Әрине, кімнің қолынан шыққан іс-әрекет болса да, қандай болмасын қатысы бар «экстремистер» үшін бұл олардың «діни парызы», Құдай алдында атқарған қасиетті борышы – жиһад. Санасы уланған экстремистердің ақталып айтар ақиқаты осы.

Жалпылай алғанда, діни экстремистердің арасында иудейлер, сикхтар, христиандар, жапон синкреттері және тағы басқа көптеген дін өкілдері жетіп артады, дегенмен неге біздер исламға қатыстысын жиі естіп, куә боламыз?! Бұның да артында үлкен саясат, орасан күштердің мүдделері жатыр. Түйме-дейді түйедей қылғысы келетін бұқаралық ақпарат құралдары үшін таптырмас жаңалық көзі. Бірі біліп қасақана асыра сілтесе, бірі білмей күйе жағуда.

Тарих беттерінен әлемнің көпшілік елдері терроризмнің қандай да болмасын түрімен бетпе-бет келгендігі белгілі. Мысалы, Жапонияның Токио қаласындағы метродағы бірқатар адамдардың өліміне себепші болған «Аум Синрике» сектасының іс-әрекетін ешкім «будда терроризмі» немесе «буддистік терроризм» деп жар салған жоқ. Испанияның Мадрид қаласында ілесе орын тепкен бірқатар лаңкестік әрекеттерді бұқаралық ақпарат құралдары «христиан терроризмі» бас көтеріпті деп тіс жармады. «Махатма Гандиді индустер өлтіріпті» немесе «Ицхак Рабинды еврейлер өлтіріпті» дегенді бір жерден естігеніңіз бар ма?

XIX ғасырда Африка құрлығындағы елдерді жаппай отарлау процесі болғанын баршамыз білеміз, онда сол құбылыс тарихта неліктен «христиандық отарлау» деген атпен таңба басылмады?! Ондағы отарлаушы мемлекеттер христиан болғаны – шындық. Сондықтан, ат қойып, айғақ таққанда – аса абай болу керек. 2001 жылы қыркүйек оқиғасынан кейін «мұсылмандар Нью-Йорк қаласының қос зәулім мұнара-ғимараттарын

киратыпты» деген ақпарат дүниені жаулап әкетті. Керісінше, оның орнына «Нью-Йорк қаласының қос зәулім мұнара-ғимараттарын құлатқан террористтер мұсылмандар екен» деген ақпараттың айырмашылығы, адамдарға қалдыратын әсері мүлдем бөлек. Сондықтан тағы қайталап айтуға тұрарлығы – мүдделі топтар үшін кез-келген ақпаратты өз пайдасы мен мақсатына қарай ыңғайлап, жаһанға жайып жіберудің еш қиындығы жоқ.

Әлемдегі бірқатар беделді ислам әлімдері мен ғалымдары, муфтилер мен дінбасылары терроризмнің Исламға ешқандай қатысы жоқ деп бағады. Тіпті, халықаралық деңгейлерде жиындар ұйымдастырып, «Ислам терроризмі» деген ұғымды, тіркесті қолдануды доғару жайында, бұл тіркестің ақиқатында асыл дінімізге қатысы, керісінше бір-біріне қарама-қайшы екі ұғымның бірге тұруы дінімізге жағылған жала, шынайы мұсылмандарға тиетін ауыр соққы деп дабыл қағуда. Тахир Кадри, Ахмет Акгундуз, Равиль Гайнутдин, Юсуф Кардави сынды ғалымдар бір ауыздан дін үшін террор жасап немесе өзін жарып «шаһид» атанып жүргендердің мұсылманшылыққа еш қатысы жоқ, керісінше олар «күнәһарлар» деп кесіп айтады. «Күмән жоқ, ешқандай кінәсы жоқ адамдарға, олардың діни наным-сеніміне, ұлтына, азаматтығына қарамастан оларға қарсы жүргізілген агрессия ауыр күнә және айуандық қылмыс. Мұндай сорақылықты істеуге ешкімнің хақысы жоқ, себебі Алла Тағала агрессияға тыйым салған» [4].

Алайда, Қасиетті Құран аяттарын өздерінің сорақы қылықтарын ақтап шығатындай етіп түсіндіріп, адамдарды ақиқаттан алыс сенім-түсініктерге сендіріп қатарын көбейтіп жүргендер де табылады. «Египет Ислам жиһады» деп аталатын ұйымның негізін қалаушы және көсемдерінің бірі Абдулкадыр бин Абдулазиз «терроризм – исламның бір бөлігі, мұны теріске шығаратындар – дінсіздер» деп шорт кеседі. Солтүстік Кавказдағы экстремист идеологтардың бірі Саид Бурятскийдің (Александр Тихомиров) біздің елімізге тигізген зардабы мен әсер еткен теріс ықпалы орасан зор. Әсіресе, батыс өңірімізден оның «таза исламға» шақырған уағыз-уәждерімен алдап-арбап талай-талай жастарымыз «қасиетті парызын» орындауға аттанып, қыршын кетті. Отбасыларының берекесі қашып, ел ішінде бүлік шықты, нәтижесінде ел тыныштығы бұзылып, қоғамда қайшылықтар пайда болды. Әлсін-әлсін террорлық оқиғалар бас көтерді. Дегенмен, олар уақтылы қадағалауға алынып, тиісті тұлғалар тұтқындалып, іс насырға шаппастан, үкіметіміз жағдайды өз бақылауына алды.

Алайда, осындай у-шудың салдарынан көптеген адамдар өзінің ата діні – Исламнан шошына шегіншектей кетті, қарапайым намазхандарға сенімсіздікпен қарап, күнделікті намазын оқып, оразасын ұстап жүрген қатардағы мұсылмандардан үркі бастады – сонда заңды сұрақ туады: аталмыш «белсенді жиһадшылардың» аңсаған армандары осы ма?! Діттеген межелеріне жеткендері ме?!

Қазіргі заманымыздағы терроризмде, оның ішінде ислам атын жамылған экстремизмде «жиһад» түсінігі ортасы, негізі екені аян. Осы қасиетті ұғым арқылы олар өз теріс іс-әрекеттерін ақтап отыр.

Жиһадшылдықтың идеологтары мұсылман мемлекеттерінің үкіметін ғана емес, қатардағы қарапайым мұсылмандарды да айыпты деп санайды, себебі олар өздері алға тартып отырған жиһадқа немқұрайлы қарап, өздерінің қасиетті борыштарын өтеуден бас тартып отыр. Абдулла Аззам, Фараджа сынды көсемдер, бүкіл үммет үшін жауапкершілікті мойнына алып, еш қынжылмастан өзінің қасиетті парызы – жиһадты өтеуге шығатын шынайы моджаһедтер мен батырлар қатарымызда аз деп қаймығып, үнемі уағыз-насихатында қатарға қосылуға шақырып отырған. Тіпті, жиһадқа қатыспаған мұсылмандар, мүгедек, екі көзі де соқыр, әйел, балалардан басқалары Алланың алдында ақтала алмайды деп бек сенетін, және осылайша адамдарды сендіріп уағыздап жатыр.

Діни себептермен, яки құрамында діни мотивациясы бар радикализм, экстремизм, терроризм, жиһадизм сынды ағымдар бір сөзбен түсіндіруге келетін қарапайым құбылыстар емес, керісінше күрделі де көпқұрамды феномен. Олардың пайда болуының өзі бірқатар себептер мен негіздерге байланысты. Әлбетте, ислам әлемінің кейбір жекелеген өкілдерінің қолынан шыққан сұмдық террорлық актілер олардың діндес бауырларына қара көлеңкесін түсірмей қоймасы анық, ал негізінде басым көпшілігінің оған ешқандай қатысы жоқ.

Алайда, діннің ешқандай қатысы жоқ деп те айта алмаймыз, себебі, экстремистер өзінің негізгі идеологиялық тірек-қазықтарын аспаннан алып отырған жоқ, олар оны белгілі бір діни салт-дәстүрге, діни кітаптарына және белгілі діни ілімдер мен ұстаздардың шығармаларына негіздеп құрайды. Мұндағы мәселе олар сол діни негіздерді қаншалықты қате тәпсірлеп, теріс бұрмалайтындығында. Белгілі бір топ террористердің теріс лаңкестік іс-әрекеттерін бүтіндей бір дінге немесе бір ұлтқа жауып қоя салу шындыққа жанаспайды, қисынсыз. Дегенмен, дінге қатысты-қатыссыз террористердің барлығына ортақ бір қасиет бөліп көрсетуге болады – ол шыдамсыздық, «өзгелерге» деген жеккөрушілік.

Осы бір тұстан-ақ ол жиһадшылардың жиһады – «дінім үшін болған соғыс» деуге еш сыймайды. Бұл дегеніміз – өзінің сорақы іс-әрекетін бүркемелеу, ақтау ғана дегенді білдіреді. Тіпті, өзін өзінің кеудесіне қысқан шиттей баласымен өзін қоса жарған аналарға қандай кешіріммен қарайсыз? Ешқандай кітаптан да, ешқандай салт-дәстүрден де мұндай «шаһид» аналарды ақтап аларлық бірде-бір дәйек таппайсыз.

Лаңкестік іс-әрекеттерге қатысты жүргізілген зерттеулер нәтижесіне сәйкес дүниежүзі бойынша жылына 320-дан 660-қа дейін террористік актілер орын алса, оның төрттен үш бөлігі ислам атын жамылған террористердің қолынан болған екен [4, 120 б.].

2012 жылы 25-27 мамыр аралығында Мәскеу, артынша Грозный қалаларында Ресей, Кувейт, Катар және тағы бірқатар мұсылман елдерінің белгілі дін ғалымдарының қатысуымен «Радикализмге қарсы Ислам доктринасы» атты тақырыпта болып өткен форум-конференция нәтижесі бойынша декларация қабылданды. Онда «исламдағы жиһад көптеген кең әрі жан-жақты қамтылған мағынаға ие. Жиһад Алла жолында болады, және ол бүлікке айналмауы тиіс. Міне, тап осында оның жоғары мақсаты жатыр. Жиһад Құдайға құлшылық ету мен адамдардың тура жолмен жүруінің маңызды құралы болып табылады» делінген [4, 59 б.].

Жиһадшылдықтың қазіргі замандағы көріністері күннен күнге өте жылдам белсенділікпен даму мен өзгеріс үстінде. бұқаралық ақпарат құралдарының қай түрінің болмасын «жиһадшылдық», «жаһандық терроризм», «діни экстремизм» сияқты атпен белгілі парақшалары, сілтемелері, форумдары немесе тақырыпшалары күнделікті жаңарып отыруда. Олардың қатарындағы ең «көрнекті» мысалы деп ИШИМ – «Ирак және Леванта Ислам мемлекеті» ұйымын айтуға болады.

2014 жылдың жазында олар халифаттың қалыптасуы мен Әбу Бакр әл-Бағдадиді халиф деп жариялаған ұйым, баяғыда өзі бағынышты болған әлемдегі басты жиһадшыл ұйым «аль-Каиданы» жаһандық жағдайдан ығыстырып жіберді. Бастапқыда сырттан баға берген барлығы бұған аса мән бере қарамады, келесі бір жарнамалық қадам қалдыра берді. Бірақ «қалай айтсақ та, бұл қадам сенімі мықты жиһадшыларға орасан зор маңызға ие және потенциалында осы жаһандық қозғалыстың болашағын анықтауы мүмкін» деген Гаффар Хуссайнның болжамы бүгінде араға бір жылда өтпей шындыққа айналып бара жатыр [6].

Халифатты қайта жаңғырту – тарихтағы күллі исламистік қозғалыстардың басты мақсаты. Олар бұны әлемдегі барлық мұсылмандардың қайғы-қасіретінің емі деп біледі.

Соңғы халифат – Осман империясы ХХ ғасырдың 20-жылдарының басында құлап, ал аяғында мысырлық «мұсылман-бауырлар» – әлемдегі бірінші исламистік ұйым құрылады. Олардың көптеген исламистік және жиһадистік тармақшалары немесе балапандары бүгінгі күнге дейін үкіметті құлатып, теократия құруды мақсат етіп келеді.

Бейресми астанасы – Сирия аумағындағы Ракка қаласы болып табылатын аталмыш ұйым жай ғана «даулә» деп аталады. Леванта деп отырғаны – Шам өлкесі. «Левант» сөзі француз тілінен аударғанда «күн шығыс» деген мағына береді. Яғни Жерорта теңіздің шығыс жағалауындағы мемлекеттер (Сирия, Ливан, Израиль, Иордания, Палестина, Египет, Түркия т.б.) Арабтар бұл жерді Шам деп атайды. Олардың Халифатқа қарайтын аумақ деп болжап отырған шекарасы Қазақстанның шекарасына да жақындап қалған.

«Ислам мемлекетінің» бұған дейін ешқандай жиһадшыл ұйым жетпеген «жетістіктерге» қол жеткізіп отыр. Атап айтқанда, олардың қамтып отырған территориясы аса кең, оған қоса ешкім ақыры батылы бармаған «халифат» идеясын бір межеге жеткізіп, жариялап отыр. Осылайша, күллі жиһадшылардың түпкі мақсаттарына қол жеткіздік деп отырған олар, ендігі кезекте басқа ешқандай жиһадшылдық ұйым жекеше болып, бөлек өмір сүрмеуі тиіс, қалғандардың барлығы кеп бізге ант етуі керек деп бағады. Яғни, жер шарының түкпір-түкпіріндегі жиһадшыларды өз қоластына жинауға әрекет жасап және оның жеңісті түрде жүзеге асып жатуы әлемдік қауымдастықты алаңдатып отыр.

Кейінгі кездерде ИШИМ-ға жұмыс тапшылығынан қатарға қосылып жатқан жастар нұсқасы жиі айтылып жүргендіктен, американдық сарапшылар оның ақылға сыйымсыз дәйек екенін алға тартып, мәселенің көкесі кедейлік пен жұмыссыздық емес – діни мен идеологиялық тамырды деп түйіндеді.

Atlantic журналында жарияланған мақаласында Грэм Вуд «бұл идеология Исламнан шығып отыр, оның ішінде Құранның агрессивті ортағасырлық қанды түсіндірмесінен туындап отыр» деп бір тоқтайды [4, 55 б.].

XV ғасырдан бастап христиандар Еуропаны VIII ғасырдан бері шабуылдап келе жатқан мұсылмандарға қарағанда технологиялық және әскери салада озық болды. XIX ғасырда «Блистательной Порты» арабтардан түріктермен тартып алған Халифат басшылары батысқа қаржылық және технологиялық тәуелді болып қалады. Осман империясының құлауымен және 1924 жылы халиф титулының жойылуымен исламистердің халифатты қайта құру жобасы басталады. Бірінші болып 1924 жылы Мысырда құрылған «Мұсылман бауырлар»немесе «Ихуан аль-Муслимин», «ихуандар» ұйымы болды. 1980 жылдары оларға салафиттер мен ваххабиттер қосылады. Одан кейін аты әйгілі «аль-Каида» сахнаға шығады.

«Ислам мемлекеті» мен экстремистік ислам көзқарасы арасындағы байланысты тарих, жағрафия және дін саласындағы қарапайым білімнің жоқтығы салдарынан жоққа шығаруға болмайды. Исламистік теологиямен байланысын жоққа шығара отырып біз ислам экстремизмі мен терроризмі қаупі проблемасын шешуден тек алыстаймыз» деп түйіндеді.

Міне осындай сарапшылардың жиһадшылдықтың өткені мен бүгініне деген көзқарасы жалпы алғанда батыстың негізгі көзқарасының үлгісі болып табылады. Әлбетте, бұл көзқарас – дұрыс деп айтпақ емеспіз, сондай-ақ ол – бүкіл батыстың тұжырымдамасы деген сөз емес. Қалай десек те, мұндай қарым-қатынастың бар екені – шындық, және ол – көпшіліктің ойында жүргенін дөп басып отыр. Бұл жерде астыртын құйтырқы саясат, қаржының ағылған көздері, мұнай мен қару-жарақ саудасын, әлем алпауыттарының тоғысқан мүдделері жайлы ләм-мим демейді.

Дүниені дүрліктірген, қауіпсіздік қызметін алаңдатқан, АҚШ-тың ішкен асын жерге қойғызып, Еуропаны елеңсіреткен, БАҚ-ты басына көтерген, сұрыпты сарапшылардың сағын сындырған, дін басыларын даурықтырған «халықаралық исламистік терроризм» мен «жиһадшылдық» атауларының пайда болып, қылыш сермеуі тап осы «аль-Каидамен» тікелей байланысты. «Исламистік террор» дегенде «аль-Каида», ал «аль-Каида» дегенде «исламистік террор» деген ұғым ойға оралады. Ал одан кейін жоғарыда атап кеткен «Ислам мемлекеті» басты тізгінді өз қолдарына алды.

Әйтсе де, «Ислам мемлекеті» террористік ұйымы – біздің заманымыздағы бұрын-соңды болмаған ең экстремистік және қауіпті экстремистік ұйым. Аталмыш ұйымның Әбу Бакр әл-Бағдади атты әмірлеріне ауғандық Талибан, Сомалийлік «аль-Шабаб» пен Нигер мен Чад мемлекеттері аумағындағы «Боко Харам» террористік ұйымының басшылары анттарын бергені аян.

Кәпірлердің бәріне бүтіндей және оларға бойсұнбаған мұсылмандардың өздерін қырып жоямыз деп отырған ұйымға немқұрайлы қарау – сауатсыздық. Шындығында да, бүгінгі күнге дейін олардың қолдарынан өзге дін өкілдерінен гөрі мұсылмандардың көптеп қаза болғандығы белгілі. ИШИМ ең бірінші мұсылман елдеріне, оның ішінде Орталық Азиядағы мұсылман елдеріне қауіп төндіріп тұр.

Қазіргі таңда АҚШ бастаған коалицияның әуе шапқыншылығына қарамастан «Ислам мемлекеті» баукеспелері күннен күнге Ирак аумағын қоластыларына қаратуда. Олардың қатарында аса стратегиялық маңызға ие – мұнай өндейтін зауытты өз бақылауларына алуы.

Соңғы уақыттардағы Сирия оқиғасы жиһадшылдық «дәуіріне» жаңа толқын әкелген іспеттес. Саяси-қоғамдық жағынан алсаңыз да, әлеуметтік жағынан алсаңыз да бұған дейін жаһандағы жиһадшылар алмаған белестерді алуда. Мәселен, Еуропа елдерін, оның ішінде Германия мен Франция қатты алаңдатып отырғаны – жергілікті ұлттың өкілдері, әсіресе 14-15 жас аралығындағы қыршын бозбалалардың үдере Сирияға жиһадқа кетуі. Яғни, бұрын христиан дінінде болған немістер, француздар сияқты басқа-басқа еуропалықтар Ислам дінін қабылдап, аттарын ауыстырып, жиһадқа аттанып, енді өз отандастарын қырып-жоям деп бейне-роликтер түсіріп таратуда. Қауіпті әлеуметтік тенденция аса жылдам белең алып келеді – билікті тығырыққа тірмей қоймасы анық.

Біз барлығын толықтай профессионалды түрде жүзеге асырған бүтіндей уағыз бөлімімен бетпе-бет келіп отырмыз. Ақпаратты ықпал етудің мұндай түрі көп жылдан бері бар. Оны ислам революциясынан кейін Иран ойлап тауып, кейіннен Талибан, аль-Каида, енді міне, «Ислам мемлекеті» аса сәтті түрде жүзеге асыруда.

Әлбетте, алдап-арбау, бірінші кезекте ғаламтор арқылы орындалып отыр. Тіпті танымал компьютерлік ойындардың жиһад нұсқаларын да ой-

лап тапқан. «Жиһад антимәдениеті, белгілі бір мөлшерде, жастарды көбірек еліктіре бастады, мысалы панктер немесе скинхедтердің қарсылық көрсету мәдениетіне қарағанда. бұл – мүлдем жаңа феномен», – дейді исламдағы радикалды ағымдар маманы Азим аль-Дифрауи.

Соңғы жылдары еуропалық жастардың Сириялық нүктелерде санының артқандығы ақиқат. Бір қызығы, мысалы, неміс билігі сол «қасиетті жиһад парызын»-мыс өтеуге әлемнің «ыстық нүктелеріне» аттанып жатқан өз жастарын тоқтатудың амалын таппай, абдырап отыр. Олардың барлығы шетелге демалысқа кеткендей болып шекара асып кетіп жатыр.

Қазақстандағы жиһадшылдықпен күресу мәселесін тілге тиек етсек, сөзсіз Сириядағы жағдай айтылады. 2013 жылдың күз мезгілінде ғаламтор парақтарында «Сириядағы 150 қазақ жиһадшылар» атты бейнеролик қазнетті қарбаласқа түсірді, бас аяғы 2 күн ішінде құқық қорғау органдары оның көзін жойғанымен, бұл бейне жекелеген парақшаларға, телефондарға түсіп сан тарапқа толассыз таралып кетті. Сирия – соңғы 2-3 жылда халықаралық жиһадшылдық интернационалдың миграция бағыты болып отыр.

Ендігі кезекте өз төмендегі іс-шараларды жүзеге асыру арқылы аталмыш мәселенің алдын алып, бақылауда ұстауға болады деп тұжырымдаймыз:

1. Халықтың діни сауаттылығын арттыру;
2. Дін өкілдерінің немесе еліміздегі бейбіт ағымдағы белгілі діни топтардың саяси сауаттануы.
3. Жас өскелең ұрпақты ашық түрде діни сенімге негізделген патриоттық және адамгершілік құндылықтарына баулу, дұрыс тәрбиелеу. Бұл жердегі қағида – дін мемлекеттен бөлек емес, яғни жас ұрпақтың санасында намаз оқып, жұмаға барсам, немесе орамал тақсам, қоғамнан шеттеліп қалам, баршадан бөлектеніп қалам деген қорқыныш болмау керек. Егер ол жан жүрегімен исламды қабылдап, бес парызын орындап жүрсе оның демократиялық хұқықтарына қол сұғылмауы керек, яғни оның білім алуына, жұмыс істеуіне, толық өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндігі болуы керек.
4. Ханафиттік мәзһабты ресми түрде кең насихаттап, басқа топ, ұйымдардың, мейлі олар бейбіт бағыттағы болсын ислам ағымдардың барлығын жіті қадағалап, бақылаудан шығармау керек.
5. Азаматтық белсенділігі жоғары дін өкілдерінің санын да, сапасын да арттыру қажет. Ол дегеніміз, күнделікті өмірде халық мешіт қызметкерлерін түрлі жиындарға – неке қию, ақиқаларды атап өту, Құран бағыштау, жаназа шығару, ас беру т.б. іс-шараларға шақырғанда имамдар халық арасында бұқараның көңілінен шығатын дұрыс бағыттағы сауатты уағыз-насихат жүргізуі керек. Оған қоса, тек арнайы жиындарда ғана емес, біз білеміз, арнайы мемлекеттік басқару жүйесі сияқты, діни муфтият та ауыл-ауылдарда, қалаларда әр ауданға бекітілген мешіт және оның

қызметкерлері бар. Міне, осы мешіт қызметкерлері өзіне бекітілген жердің халқымен қоян-қолтық араласып, жамағатын жинап, ұйытып отыру керек. Әр үйдің тыныс-тіршілігін байқап, жетім-жесіріне қолдау көрсетіп көмек қолын созып, жастарын діни сауаттылыққа шақырып, баулуы керек. Ол шаралар спорттық, жалпы танымдық бағытта болғаны нұр үстіне нұр. Осындай белсенділік танытқанда ғана олар өз араларынан радикалды бағыттағы бауырларын байқап, бөтен ағымдағы бауырларын дер кезінде байқап, тиісті шара қолдана алады. Бұл жерде жауапкершілікті тек имамдар ғана емес, сол мешіттің бүкіл жамағаты түсінуі керек. Бір сөзбен айтқанда бірлік болуы керек, ресми дін өкілдері қарапайым халықты өздеріне тарта біліп, сенімдеріне ену керек. Бұл бағытта осындай білімді де білікті дін қызметкерлерін дайындау жұмысын мықтап қолға алып, жүйені жетілдіру керек. Мысалы бұл ретте, түкпір-түкпірдегі жергілікті молда, имамдарға жағдай жасап, айлық бекіту мәселесі де кезек күттірмейтін шаруа. Себебі олардан талап етпес бұрын бірінші тиісті жағдайын жасау керек. Бәлкі, дін қызметкерлерін де мемлекеттік қызмет санатына жатқызу керек шығар. Ол да күрмеуі шешілмеген тұстар. Түптеп қарасақ, аталмыш мәселелердің елдегі діни жағдайға біртұтас алғанда тікелей не жанама әсерін тигізеді. Сондықтан бұл мәселелерді маңызды деп біліп, ретке келтіру – кезек күттірмейтін күн тәртіпте.

6. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін терроризм тақырыбына қатысты кез-келген материалды тек өздерінің рейтинг көтеру тұрғысынан емес мемлекеттік мүдде тұрғысынан қарап, оларды халыққа жеткізу процесіне аса жауапкершілікпен қарауға шақыру, тіпті міндеттеу. Өйткені аңыз ба, ақиқат па анық айшықталмай жатып, халық арасына ақпарат жайып, сескендіріп сергелдеңге түсіру кәсібилікке жатпайды. Қазіргі кезде БАҚ үшін халықтың назарын аудару басты орынға қойылып, оның салдарын салмақтап жатпайды.

Міне, байқап отырсақ, жиһадшыл радикалды ниеттің пайда болып сананың улануына көптеген ішкі, сыртқы, рухани, материалдық, саяси-экономикалық және әлеуметтік факторлар бар. Қорыта айтқанда жиһадизмге қарсы күрес жаһандық масштабта жүру керек. Жекелеген мемлекеттерде жиһадизмнің не екенін, оның ақ-қарасын еліміздің дінге қатысты, қатыссыз әрбір саналы азаматы білу керек, қоғамда дұрыс, ақиқат көзқарас қалыптастыру керек.

Әдебиеттер

1 Бағашаров Қ. Жихад және түсінігі. – Алматы, 2014. – 258 б.

2 Ислам экстремизм мен лаңкестікке қарсы. – Алматы, «Көкжиек-Б», 2010. – 250 б.

3 *Абишева М., Шаймергенов Т.* Религиозно-политический экстремизм в странах Центральной Азии: анализ причин распространения // Россия и мусульманский мир. – 2007. – №6 (180).

4 *Наумкин В.В.* Исламский радикализм в зеркале новых концепций и подходов, – М., КомКнига, 2005. – 453 с.

5 *Қарин Е.* Қазақстандағы лаңкестік қауіп-қатері // Жас қазақ. – 2011. №23 (335).

6. Салам из Шама. Казахстанские джихадисты добрались до Сирии // Деловая неделя. – 2013. – №40 (1065).

References

1 *Bagasharov K.* Zhihad zhane tusinigi. – Almaty, 2014. – 258 b.

2 *Islam ekstremizm men lankestikke karsi.* – Almaty, «Kokzhiyek-B», 2010. – 250 b.

3 *Abisheva M., Shaymergenov T.* Religiozno-politicheskii ekstremizm v stranah Centralnoy Azii: analiz prichin rasprostraneniya // Rossiya I musulmanskii mir. – 2007. – №6 (180).

4 *Naumkin V.B.* Islamskii radikalizm v zerkale novih koncepcii I podhodov, – М., KomKniga, 2005. – 453 s.

5 *Karin E.* Kazakstandagi lankestik kauip-kateri // Jas kazak. – 2011. №23 (335).

6 *Salam iz Shama.* Kazakhstanskiye djihadisti dobralis do Sirii // Delovaya nedelya. – 2013. – №40 (1065).

Резюме

Ержан Қ., Базылхан Е. **Джихадизм и его реальность в современном мире**

Религия – неотъемлемая часть общества, его душа. В истории человечества не существовало общества без религии, испокон веков религия является важным фактором улучшения и развития или же наоборот ухудшения и деградации состояния общества. Являясь отраслью, изучающей взаимоотношения между религией и обществом социология религии в наше современное время актуальна как никогда. Сегодня религиозные явления и изменения стали занимать важное место в социальных процессах. В особенности религия ислам находится в фокусе международного сообщества, и что умма мусульман день за днем пополняются новыми людьми, чистосердечно принявшими ислам, также является неопровержимым фактом.

В особенности тема джихадизма не перестает быть «горячей» темой во всем мире. Тема джихадизма в современном обществе актуальна как никогда. В данной статье сделаны попытки показать причины влияния джихадистских идей на формирование и развитие радикально направленных экстремистских групп, называющих себя мусульманами и выставяющих себя борцами за распространение ислама.

Summary

Yerzhan K., Bazylkhan E. Jihadism and its reality in the modern world

Religion – is an integral part of society, its soul. there was no society without religion in the history of mankind, since time immemorial, religion is an important factor in the improvement and development or, on the contrary the deterioration and degradation of the state of society. As a branch that studies the relationship between religion and society, sociology of religion in our contemporary time, more relevant than ever. Today, religious phenomen have come to occupy an important place in the social processes. In particular, the religion of Islam is in focus of the international community, and that the ummah of Muslims every day replenished with new people sincerely accepted Islam, is also an undeniable fact.

In particular, the theme of jihadism does not cease to be a «hot» topic in the world. Subject jihadism in today’s society is more relevant than ever. This article attempted to show cause jihadism ideas influence on the formation and development of radical extremist groups, named themselves Muslims and claim to be champions of the spread of Islam.



Базылхан Ернұр – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті дінтану кафедрасының оқытушысы, магистр

Бекмуратов Айбек Байұзакович – аспирант Института философии и политико-правовых отношении Национальной Академии Наук Республики Кыргызстан

Barakbayeva Tolen Amangaliyevna – Al-Farabi Kazakh National University, Master of Humanitarian Sciences

Bassygariyeva Zhuldyz Amankulovna – the Faculty of Philosophy and Political Science Al-Farabi Kazakh National University

Dagzhan Zhanbota – Al-Farabi Kazakh National University, Master of Humanitarian Sciences

Дәуленова Айжан Саматқызы – С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті элеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, магистр (Ақтөбе қ.)

Еділбаева Сания Жакенқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының доценті, философия ғылымдарының докторы

Ежембекова Сымбат Бармаққызы – «Ғылым Ордасы» кешенінің базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша «философия» мамандығының 2-курс магистранты

Ержан Қалмахан – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті дінтану кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы

Затов Қайрат Айтбекұлы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дінтану және мәдениеттану кафедрасы, философия ғылымдарының докторы, профессор

Иватова Ляйля Мурзалиновна – заведующая научно-аналитическим сектором НИИ Академии госуправления при Президенте РК, доктор политических наук, профессор

Исмаил Нурислам Оразалыұлы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының магистрі

Каирова Бахыт Елеубаевна – профессор кафедры социально-политических дисциплин Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова, доктор философских наук (г. Актөбе)

Камалдинова Айкерим Асылбековна – докторант PhD Казахского Национального университета имени аль-Фараби

Қонаева Гаухар Мұратбекқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының оқытушысы, магистр

Kilybayeva Shugyla Erikazyevna – the Faculty of Philosophy and Political Science Al-Farabi Kazakh National University

Мейрманов Аманжол Досжанұлы – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институты, дінтану бөлімінің аға ғылыми қызметкері

Нұрышева Гүлжиһан Жұмабайқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор

Нызметова Әлия Темірланқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының оқытушысы, философия ғылымдарының кандидаты

Рахимбеков Камиль Еркенұлы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының оқытушысы

Petrova Vera Filipovna – Professor of Al-Farabi Kazakh National University, Doctor of Philosophy

Саитова Нина Алексеевна – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының доценті,

Садибеков Ермек Өміржанұлы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының оқытушысы

Сейдуманов Алмаз Жанатович – докторант PhD Казахского Национального университета имени аль-Фараби

Сейсебаева Райхан Бексұлтанқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті саясаттану және саяси технологиялар кафедрасы, саясаттану ғылымдарының кандидаты

Соловьёва Грета Георгиевна – Институт философии, политологии и религиоведения Камитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, доктор философских наук, профессор

Khassanov Marat Shamuratovich – Professor of Al-Farabi Kazakh National University, Doctor of Philosophy

Шарипова Диляра Сафарғалиевна – ведущий научный сотрудник отдела изобразительного искусства Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова КН МОН РК, кандидат искусствоведения



АДАМ ӘЛЕМІ

Жылына төрт рет шығады

Издается четыре раза в год

Редакция мекен-жайы:

050010,
Алматы қаласы,
Құрманғазы көшесі, 29
Философия, саясаттану
және дінтану институты

Адрес редакции:

050010,
город Алматы,
ул. Курмангазы, 29
Институт философии, политологии
и религиоведения

Меншік иесі: Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Философия, саясаттану және дінтану институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (Алматы қ.)

Собственник: Республиканское государственное казенное предприятие «Институт философии, политологии и религиоведения» Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (г. Алматы)

Басылып отырған материал авторларының көзқарасымен редакция алқасының пікірі сәйкес келмеуі мүмкін.

Мнение редакционной коллегии может не совпадать с точкой зрения авторов публикуемых материалов.

Журналда жарияланған материалдардың, деректердің, айғақтардың, тәсімдердің, сандық көрсеткіштердің, жарнамалардың растығы авторлардың жауапкершілігінде.

За достоверность публикуемых в журнале материалов, сведений, фактов, схем, цифровых данных, рекламы ответственность несут авторы.

Журналдағы деректерді пайдаланғанда туннұсқаға сілтеме жасау міндетті.

При использовании материалов, опубликованных в журнале, ссылка на источник обязательна.

Компьютерде жинақтаушы *Л. Токтарбекова* Компьютерное обеспечение

Теруге 02.06.2016 ж. берілді. Басуға 13.06.2016 ж. қол қойылды.
Форматы 70x1001/16. Есепті баспа табағы 10
Тапсырыс № 47. Бағасы келісім бойынша.

Сдано в набор 02.06.2016 г. Подписано в печать 13.06.2016 г.
Формат 70x1001/16. Уч. изд. л. 10
Заказ № 47. Цена договорная